БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№107 (9425) | 1954 жылғы 29 май Сенбі | Шығуына 35 жыл жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ҚОҒАМДЫҚ МАЛДЫ МОЛ ЖЕМШӨП ҚОРЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕЙІК.

Ф. Набоков—Мал азығындық дақылдар егу тез аяқталсын.

З. Қаскеев —Аманкелді атындағы колхоз шөп шаппай ма? (1-бет).

И. Гмызин —Қой жуні— аса бағалы шикізат (1-бет).

ЕКІНШІЛЕРГЕ КЕҢЕС. Агроном **А. Рашев**— Тың жерлер есебінен пар жырту —егіннен мол өнім алудың негізі (2-бет).

А. Ростовцев, Я. Саленко —Трактор паркі дала жұмыстарына неғұрлым тиімді пайдаланылсын (2-бет).

Ж. Мұқанов —Елеулі кемшіліктер орын тепкен жерде (2-бет).

П. Григорьев —Нысанам— еңбек өнімділігін арттыра беру (2-бет).

К. Е. ВОРОШИЛОВ ЖОЛДАСТЫҢ ВЕНГЕР ЕҢБЕКШІЛЕР ПАРТИЯСЫНЫҢ ҮШІНШІ СЪЕЗІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ (3-бет).

Н. Омаров —Сталиндік стипендиат (3-бет).

К. Жақин —Мектеп тәжрибе участогі (3-бет).

Қ. Қалиев —Ислам дінінің реакциялық мәні (4-бет).

К. Пак —Жасөспірім балалар арасындағы тәрбие жұмыстары жақсартылсын (4-бет).

БҮКІЛ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БЕЙБІТШІЛІК СОВЕТІНІҢ ТӨТЕНШЕ СЕССИЯСЫ (4-бет).

Қой қырқуды ұйымшылдықпен өткізейік

Облысымыздың колхоздары мен совхоздары партия мен үкметтің үздіксіз жарлап отырған қамқорлығының арқасында мал шаруашылығын, оның ішінде қой шаруашылығын жыл сайын өркендетіп келеді. Әсресе, соңғы жылдарда колхоздар мен совхоздарда биязы жүнді және жартылай биязы жүнді қой өсіру едәуір өріс алды. Көптеген алдыңғы қатарлы шопандар озат тәжрибелерді өз істеріне кеңінен қолдана отырып, қойдан қырқылатын жүннің мөлшерін едәуір арттырып, сапасын жақсарта түсті. Сөйтіп, олар еліміздің жеңіл өнеркәсібін жоғары сапалы жүнмен жеткілікті мөлшерде жабдықтау ісіне өздерінің үлесін қосып келеді.

Қазір облыс колхоздары мен совхоздарында көктемде қой қырқу басталды. Мамлют, Соколов, Преснов аудандарының көптеген колхоздары бұл науқанды ойдағыдай әзірлікпен бастап, қызу жүргізуде. Тағыдағы күндерде қой қырқу барлық аудандардың колхоздары мен совхоздарында кең өрістейді. Осыған байланысты жергілікті партия, совет ұйымдарының, колхоз, совхоз басшылары мен мал шаруашылығы мамандарының алдында үлкен міндет тұр. Бұл міндет —қой қырқуды ұйымшылдықпен жүргізіп, оны ең қысқа мерзімде аяқтау, алынған жүннің ысырап болуына, қолайсыз жерде сақталып сапасының төмендеуіне жол бермеу, оның дұрыс есепке алынып, ешбір шығынсыз мемлекет пайдасына асырылуын қамтамасыз ету.

Облыс колхоздарында қой қырқудың ең қысқа мерзім ішінде, жоғары сапада өткізілуіне, жүннің көп алынуына қажетті мүмкіншіліктердің бәрі де бар. Партия мен үкмет қой қырқу жұмысын механикаландыру жөнінде облысымыздың колхоздары мен совхоздарына көп көмек көрсетіп отыр. Соңғы жылдарда қой қырқутек электр агрегатымен жүргізілуде. Мұның өзі әрі жүнді көп алуға, әрі оның жоғары сапалы болуына, жұмыстың тездетілуіне, қой қырқушылардың еңбегін жеңілдетуге тиімді болатынын колхозшылар мен совхоз мал өсірушілері өздерінің іс тәжрибесінен көріп келеді.

Өткен жылы Булаев ауданындағы Буденный атындағы колхоздың қой қырқушылары барлық қойды электр агрегатымен қырықты. Осының нәтижесінде тек көктемдегі қой қырқуда ғана әрбір қойдан 2 килограмм 850 [illegible]

Осы ауданның Ворошилов атындағы МТС-нің бір электр агрегатының 4 қырықтық машиналары жұмыс істемейді. Мұндай кемшіліктер Приишім ауданының МТС-терінде де орын алып отыр. Бірқатар МТС-терде электр агрегатымен жұмыс істейтін кадрлар —даярлығы бар қой қырқушылар, агрегат жөндеушілер, оның машиналарын қайраушылар жеткіліксіз.

Қой қырқуға әзірліктің нашарлығына облыстық ауылшаруашылық басқармасы да кінәлі. Бұл басқарманың мамандары МТС-терге жеткіліксіз көмектеседі. МТС-тердің қой қырқуға деркезінде әзірленуіне басшылық және бақылау жасауды кезінде ескермейді. Қой қырқатын агрегаттарды жөндеу, оған керекті кадрларды жеткілікті мөлшерде даярлау жөнінде МТС басшыларына қатаң талап қоя алмай келеді. Рас, облыстық ауылшаруашылық басқармасы жақында МТС-тердің аға зоотехниктері, еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру жөніндегі механиктері қатыстырылған кеңес өткізді. Мұнда қой қырқуға, жүн дайындауға әзірлік және оны өткізу жөнінде мәселелер талқыланып, бірқатар шаралар белгіленді. Бірақ, амал не, сол белгіленген шаралардың жүзеге асырылуы өте қанағаттанғысыз болып отыр. Қой қырқатын электр агрегаттарын кадрлармен қамтамасыз ету жөнінде кеңесте белгіленген шаралардың мүлтіксіз жүзеге асырылуы ұйымдастырылмай келеді.

Қой қырқу —маусымды жұмыс. Ол неғұрлым тез өткізуді талап етеді. Сондықтан оны ойдағыдай ұйымшылдықпен жүргізудің шаруашылық маңызы зор. Бұл жұмыстағы ерекше көңіл бөлетін мәселе МТС-тердегі электр агрегаттарын өнімді пайдалану, агрегатты бір колхоздан екінші колхозға тез жеткізуге қажетті транспортпен қамтамасыз ету болып табылады. Мұны ұйымдастыруға МТС директорлары тікелей қатысуға міндетті. Сол сыяқты, МТС, колхоз басшылары мен зоотехниктер қойдан қырқылған жүннің дұрыс есепке алынып, оның дайындау пункттеріне дереу жөнелтіліп отырылуын ұйымдастырумен қатар оны үнемі бақылап отырулары қажет. Колхоз басқармалары қой қырқатын электр агрегаты колхозға келгенге дейін қой қырқатын орындарды, бұл жұмысқа керекті құрал-жабдықтарды алдын-ала әзірлеп, агрегат мушелеріне көмектесетін адамдарды ірік-

Жұмысты өнімді де, тиімді де істейміз

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдарының қаулыларын мінсіз жүзеге асыру күресіне келелі үлес қосу үшін біздің № 10 трактор бригадасының механизаторлары быйыл көктемгі дала жұмыстарына ойдағыдай әзірленді. Бригадаға бекітіліп берілген тракторлар мен тіркеу саймандары сапалы жөнделді. Біз дала жұмыстарын бастаудан біраз бұрын жұмыс істейтін колхозға келдік. Мұнда трактор бригадасын қамтыйтын № 2 егіс бригадасының мүшелерімен бірлесе отырып, бригаданың көктемгі егіс кезіндегі жұмыстарының жоспарын талқыладық.

Біздің трактор бригадасы өткен жылы да осы Жданов атындағы колхоздың егіс даласында қажырлылықпен еңбек еткен болатын. Осының нәтижесінде пар мен зябь жыртудың жоспары толық орындалған. Мұның өзі үстіміздегі көктемде атқаратын жұмыстарымызды көп жеңілдетті. Біз қар ерісімен-ақ пар мен зябьті өңдеуге кірістік.

Дала жұмыстарының алғашқы күнінен бастап-ақ механизаторлар мен колхозшылар аянбай еңбек етті. Мәселен, трактершы И. Шасватов, Ф. Харькавый жолдастар «СТЗ—НАТИ» тракторымен жерді тырмалауда сменалық тапсырмаларын жұмыстың бірінші күнінен бастап толық орындады. Ал, кейінгі кезде олар еңбек өнімділігін арттыра түсті, бір сменада 110 гектардың орнына, 150—170 гектар жерді жоғары сапада тырмалауға жетісті. Сол сыяқты, олардың агрегаты тұқым себуде де сменалық тапсырмаларын үнемі асыра орындап отырды. Жас трактершы В. Заболотлен «ДТ—54» тракторымен сменасына біржарым, екі норма орындаса, «СХТЗ» тракторымен жұмыс істейтін Саламов жолдас та одан қалысқан жоқ.

Механизаторлардың өнімді еңбегіне трактор бригадасын қамтыйтын колхозшылар да ортақ. Тіркеуші Н. Синяковская, П. Русанов, Н. Жигайлов, сеялкашы Аббасова, Трегубова, Носкова жолдастар тіркеу машиналарының үнемі жұмысқа әзір болуын қамтамасыз етті.

Механизаторлар мен колхозшылардың осындай қажырлы еңбектерінің нәтижесінде біздің трактор бригадасы көктемгі егіс жұмыстарының жоспарын МТС- те бірінші болып орындап шықты. Тек көктемде ғана бригададағы 15 атты қуші бар әрбір трактормен жұмсақ жерге айналдырғанда 400 гектар жер жұмысталды. Тракторларды техникалық жағынан жақсы күтіп, қосалқы бөлшектерді үнемдеу есебінен мем-

Қоғамдық малды мол жемшөп қорымен қамтамасыз етейік!

☆ ☆ ☆

Мал азығындық дақылдар егу тез аяқталсын

СОКП Орталық Комитетінің февраль-март Пленумы колхоздарда қоғамдық малдың жемшөппен қамтамасыз етілмей отырғандығын атап көрсетумен бірге, жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдарынан дәнді жем дақылдарының егісін ұлғайту, шығымдылығын арттыру арқылы мал шаруашылығын дәнді жеммен, концентратты жемшөптермен қамтамасыз етуді талап етті. Бұл өте орынды талап. Өйткені, дәнді жемдер мен құнарлы жемшөпті жеткілікті мөлшерде өндірмейінше, қоғамдық өнімді мал шаруашылығын ойдағыдай өркендету мүмкін емес.

Полудень ауданындағы Тельман атындағы, Чапаев атындағы, Преснов ауданындағы «Путь к коммунизму» колхоздары мал азығындық дәнді дақылдар, екпешөптер, сүрленетін дақылдар, сол сыяқты жемшөптік тамыржемістер егісінің көлемін жыл сайын ұлғайтып, олардан мол өнім алып отыр. Осының нәтижесінде аталған колхоздар жемшөп базасындағы құнарлы азықтардың үлес салмағын көбейтіп, қысқы маусымдарда мал шаруашылығынан алынатын өнімдердің саны да, сапасы да арта түсуіне жетісіп келеді. Мұның өзі облыстың барлық колхоздарында да қоғамдық мал үшін құнарлы азық базасын молынан жасау жөніндегі Пленум қойған талапты орындауға толық мүмкіншілік бар екенін көрсетеді.

Быйыл облыс колхоздары құнарлы жемшөптік дақылдар егісінің көлемін өткен жылғымен салыстырғанда екі есе ұлғайтуға тиіс. Олар бұл үшін құнарлы мал азығындық дақылдардың тұқымдарымен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілді және ол тұқымдарды сатып алуға колхоздарға көп қаржы бөлінді. Сонымен бірге әрбір колхоздың мал азығындық құнарлы дақылдар егу жөніндегі жоспарды толық орындауына керекті жағдайлардың бәрі жасалды.

Қазір көптеген колхоздар дәнді дақылдар егісін себуді толық аяқтап, мал азығындық дақылдар егуді кеңінен және қызу жүргізуде. Мамлют ауданындағы Жданов атындағы, Вильямс атындағы ауданның колхоздары үшін бөлінген 389 центнер екпе шөптердің тұқымы осы уақытқа дейін колхоздарға жеткізілмей, «заготзерноның» астық қоймаларында жатыр.

Ленин ауданындағы «Путь к социализму», «Орталық», «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздары сүрленетін дақылдар егудің агротехникалық қолайлы мерзімі өтіп бара жатқанына қарамастан, бұл дақылдарды себуге кіріспей отыр. Сол сыяқты Совет ауданындағы «Борьба за коммунизм», «Еркіндік» және Молотов атындағы колхоздардың басшылары мал азығындық дақылдар егудің өте баяу жүргізілуіне жол беріп келеді. Булаев ауданының колхоздары дәнді дақылдар егісінің жоспарын орындады. Осыған байланысты олар барлық күшті мал азығындық дақылдар егісіне жұмылдыруға мүмкіншілік алды. Бірақ, аудандағы «Красное знамя», Коминтерн атындағы колхоздар сол мүмкіншілікті нашар пайдаланып, жемшөптік дақылдар егісін егуді ұзаққа созып келеді.

Құнарлы мал азығындық дақылдар егуде Приишім ауданының колхоздары жөнінде де осыны айтуымыз керек. Аудан басшылары мемлекет тарапынан бөлінген 80 центнер жүгері тұқымын әлі күнге дейін колхоздарға жеткізуді ұйымдастырмаған. Сондықтан сүрленетін жүгері егуді колхоздар қолға алмай отыр. Сондай-ақ бірқатар колхоздар судан шөбін егуді кезекке қойып келеді.

Колхоздарда дәнді және құнарлы мал азықтарының мол қорын жасауда МТС-тердің атқаратын ролі зор екендігі мәлім. МТС басшылары құнарлы мал азығын егуге техника күшін өнімді пайдалануды, мал азығы үшін күнбағыс, жүгері картоп сыяқты дақылдарды егуде жаңа прогрессивтік әдістерді кеңінен қолдануды ұйымдастыруға міндетті. Солай бола тұрса да Сартомар, Николаев, Коновалов МТС-терінің басшылары бұл жұмыстарға мән бермейді. Сондықтан бұл МТС- тердегі отамалы дақылдарды себуге арналған «СШ-6» сеялкалары жұмысқа пайдаланылмастан босқа қарап тұр.

Мал азығындық дәнді, құнарлы жем-

Аманкелді атындағы колхоз шөп шаппай ма?

Өткен жылы Полудень ауданындағы Аманкелді атындағы ауылшаруашылық артелінде пішен шабуға дайындық өз дәрежесінде ұйымдастырылмады. Онда шөп шабатын машиналарды, ат тырнауыштарын және басқа да құрал- саймандарды жөндеу жұмысы ұзаққа созылды. Соның салдарынан колхозда қоғамдық мал шаруашылығына табиғи пішен дайындау жоспары небары 68 процент ғана орындалды. Мұның өзі колхозда мал қыстатудың үлкен қиыншылықпен өткізілуіне әкеліп соқты.

Колхоз басшылары өткен жылдың мұндай кемшіліктерінен быйыл тиісті қорытынды шығарып, мал азығының берік қорын жасау ісіне қолда бар барлық күш-мүмкіншіліктерді жұмылдыруға тиісті еді. Амал не, істің жайы бұлай болмай отыр.

Үстіміздегі жылы колхозда 3400 гектар жердің шөбі шабылып, одан 31.900 центнер пішен дайындалуға тиіс. Мұның өзі өткен жылғы мөлшерге қарағанда анағұрлым көп. Колхоз басқармасы Бегалимов жолдас осыны біле тұра, күні бүгінге дейін пішен дайындауға әзірлікті бетімен жіберіп отыр. Тіпті колхозда әлі күнге дейін пішен шабу жұмысының жоспары да жасалмаған.

Бұл колхозда небары 500 гектар ғана шабындық жер бар. Ал, қалғаны колхоз орталығынан 25 километр қашықтықта, мемлекеттік қордағы жерден шабылады. Дегенмен, колхоз басшылары сол жерден пішен дайындауды ұйымшылдықпен өткізу үшін ешқандай әзірлік жасамай отыр. Сол сыяқты, шабындық жерді күту, оның шөбінің бітік шығуын қамтамасыз ету ісі мүлде ұмыт қалған. Тіпті шабындық жерлерге мал жаюға дейін жол берілген. Мұндай жағдайда шабындықтан алынатын өнімнің азаятындығы кімге болса да мәлім.

Сондай-ақ колхозда 12 шөп шабатын машиналар мен 8 ат тырнауыштарының және басқа қажетті құрал- саймандардың бірде- біреуі жөнделмеген.

Жоспар бойынша колхоз қоғамдық малға тек 2700 центнер шөп сүрлеуге тиісті болса, оған керекті 8 ордың бір-

Петропавл аудандарының көп колхоздары қой қырқуды механика күшімен жүргізіп, әрбір қойдан жүнді қолмен қырыққандағыдан 15—20 процент артық алуға жетісті.

Бірақ, өткен жылы біркатар аудандарда қой қырқатын электр агрегаттары жұмысқа тиімді пайдаланылмады. Октябрь, Приешім, Полудень аудандарындағы МТС-тер электр агрегаттарын қой қырқуға нашар әзірледі. Оларда қой қырку жұмысы басталғанға дейін электр агрегаттары жөнделмей жатты. Сондықтан аталған аудандардың көп колхозды көктемде қой қырқуды қолмен жүргізуге мәжбүр болды. Егер өткен жылы облыс колхоздарындағы барлық қойдың 50 процентке жуығы қолмен қырқылып, бұл жұмыс өте ұзаққа созылса және қырқылған жүннің өнімі де, сапасы да төмен болса, бұл электр агрегаттарының колхоздарды қамтуға жетіспегендігінен емес, МТС басшыларының қой қырку, жүн дайындауды екінші қатардағы іс деп қарап, оған жете мән бермегендіктерінен болған жағдай деуіміз керек.

Аталған аудандардағы көптеген МТС-тер өздерінің өткен жылғы кемшіліктерінен бұйыл да тиісті қорытынды шығармай отыр. Кәзір көктемде қой қырку қызу басталды, ал, осыған қарамастан Октябрь ауданындағы Коновалов МТС-індегі екі электр агрегатының біреуі әлі жөнделген де жоқ. Тіпті, МТС басшылары агрегатты жөндеуге қажетті қосалқы бөлшектерді алуды мүлдем естен шығарған.

Переяслав-Хмельницкийде Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығының құрметіне монументтің негізі қаланып, мемориалдық тақта орнатылды

ПЕРЕЯСЛАВ- ХМЕЛЬНИЦКИЙ, 24 май. (СОТА). Бүгін Переяслав- Хмельницкийде Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығының құрметіне монументтің негізін қалауға және мемориалдық тақта орнатуға арналған, көп адам қатысқан митинг болды.

Митингке қала мен ауданның мыңдаған еңбекшілері, Киевке мереке салтанатына келген Россия Федерациясы мен басқа одақтас республикалар делегацияларының мүшелері, Поляк Халық Республикасының Сеймі делегациясының, Канаданың біріккен украиндықтар Серіктігі делегациясының мүшелері қатысты.

КИЕВТЕ УНИВЕРСИТЕТТІҢ ЖАҢА ҮЙІ САЛЫНАДЫ

КИЕВ, 24 май. (СОТА). Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығының құрметіне бүгін Киевтің ең көркем аудандарының бірі —Галосеевада Киевтің Т. Г. Шевченко атындағы мемлекеттік университетінің жаңа үйінің негізі салтанатпен қаланды.

Бұл оқыйғаға арналған митингке 10 мыңға жуық еңбекшілер, Киев жоғары оқу орындарының студенттері жыйналды.

Университеттің быйыл салына бастайтын жаңа үйі өзінің көлемі жағынан кәзіргі университет үйінен 3 есе үлкен болады.

КОЛХОЗДЫҢ МИЧУРИНШІЛ БАҚШАШЫСЫ

ПАНЕВЕЖИС. (Литва ССР), 26 май. (СОТА). Деревня сыртына шығысымен өтіп бара жатқан адамның назарын кішкене бақша өзіне еріксіз тартады. Мұнда жеміс ағаштары жарыса өсіп келеді. Ондағы қалың ағаштар арасында кішкене үй тұр. Бұл үйде 65 жасар қарт колхозшы мичуриншіл, колхоз бақшашысы Матас Григонис тұрады.

Кәзір М. Григонистің жеміс сорттарын сынау бақшасында 137 түрлі- түрлі сорттардың 230 жеміс беретін ағаштары бар. Олардың үштен бір бөлігі —Мичурин өсірген ағаштар. Мұнда алма, алмұрт, жидек, қарақат, жүзім ағаштары жеміс береді. Сол сыяқты, бұл бақшада Литвада өспейтін дақылдар да сыналуда. Бұлар Мичурин бұршақтары мен жібек ағаштары.

жұмысын тез жүргізу үшін өте қажет жағдайлардың бірі екендігі мәлім.

Дайындау орындарының қызметкерлері жүн қабылдауға барлық жағынан толық әзір болуға міндетті. Олар жүнді өлшеп алу, жүн тапсырушылармен есеп айыру жұмыстарын үлгілі ұйымдастырулары керек. Сол сыяқты, қабылданып алынған жүннің сапасы төмендемеуі үшін жақсы жабдықталған қоймаларда сақталуын қамтамасыз етулері қажет.

Бастауыш партия ұйымдары қой қырқушылардың арасында үгіт- бұқаралық жұмыстарын өрістетіп, олардың социалистік жарысының кеңінен өріс алуын ұйымдастырып, жарыста қабылданған міндеттемелердің толық орындалуына жетісуге тиіс. Үгітшілер қой қырқушылармен жүн дайындаудың мемлекеттік маңызы, жүн дайындау жоспарын орындаудың колхоздар мен колхозшылар үшін тиімділігі, жүннің мемлекеттік сатып алу бағасының арттырылуына байланысты бұдан алынатын табыстардың молаятындығы жөнінде әңгімелер өткізуге міндетті.

Аудандық партия комитеттері мен Совет атқару комитеттері колхоздар мен совхоздардағы қой қырку, жүн дайындау жұмыстарының жайымен күнбе -күн танысып, біліп, мемлекетке жүн тапсыру жоспарының әрбір колхоз бен совхоз бойынша толық орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Қой қырку, жүн дайындау жұмыстарын ұйымшылдықпен өткізіп, еліміздің жеңіл өнеркәсібіне жоғары сапалы жүнді көптеп берейік!

тірдік.

Кәзір біз егіс жұмысынан бөсағаң тракторларды пар жыртуға қостық. Сонымен бірге қоғамдық малға пішен дайындауға әзірлікті ойластырудамыз. Жақында колхоздың өндіріс бригадасының бригадирі Андреев жолдас екеуімізшабындық жерлерді аралап, қай шабындықты бұрын шабуға болатынын белгіледік. Бұдан кейін бригада мүшелерімен бірлесе отырып, пішен шабу және оны жыйнау жөніндегі жоспарды талқыладық.

Біз техника күшін толық пайдалана отырып, пар жырту, мал үшін табиғи пішен дайындау жұмыстарында да еңбек өнімділігін арттыра береміз.

И. ХАРЬКАВЫЙ,

Мамлют ауданы, Интернационал МТС-нің №10 трактор бригадасының бригадирі.

атындағы ,«Гигант» колхоздары, Конюхов ауданындағы «Новый путь», «Колос» және Петропавл ауданының көптеген колхоздары сүрленетін дақылдар, бір жылдық шөп, жемшөптік тамыржемістер егудің жоспарын толық орындады.

Алайда, кейбір колхоздар мен МТС-тердің басшылары қоғамдық мал үшін дәнді және құнарлы жемшөпті мол өндіру сыяқты аса маңызды жұмысты жете бағаламай, оған өте аз көңіл бөліп отыр. Әсересе, Октябрь ауданының көптеген колхоздарында мал үшін дәнді жемдік дақылдар, басқа құнарлы азықтар егу өте- мөте қанағаттанғысыз. Бұл ауданның колхоздары бойынша мал азығындық тамыржемістер егудің жоспары 25 майға дейін небары 5—10 процент-ақ орындалған. Ал, бір жылдық шөп, сүрленетін дақылдар егісі осы уақытқа дейін көп колхоздарда басталған жоқ. Тіпті бұл мерзімде, жоғары сапада өткізгенде ғана, олардан мол өнім жыйнауға болатынын озат колхоздардың тәжрибесі талай рет дәлелдеді. Олай болса, аудандардың, МТС-тер мен колхоздардың басшылары жемшөптік дақылдар егу жоспарын таяудағы күндер ішінде әрбір колхоз бойынша толық орындауды ұйымдастырулары керек.

Қоғамдық өнімді мал шаруашылығын ойдағыдай өркендетуде берік жемшөп қорының атқаратын ролі ерекше. Ал, мал азығындық дәнді, әрі құнарлы жемшөптер —қоғамдық мал үшін берік жемшөп қорын жасауда басты орын алады. Сондықтан да облыс еңбекшілері мал азығындық дақылдарды егуді тез аяқтаулары қажет.

Ф. НАБОКОВ,

ҚКП облыстық комитетінің ауылшаруашылық бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

Мұның өзі колхоз басшыларының науқаншылдыққа салынып, мал шаруашылығына ешқандай назар аудармағандығын көрсетеді. Колхоз басшылары «мал азығын дайындау тек қана МТС-тің міндеті» деген сыяқты зиянды пікірден де арылмаған көрінеді.

Егер колхоз басшылары пішен дайындауға әзірліктегі мұндай кемшіліктерді шұғыл жоймаса, онда пішен дайындау жұмысының ұзаққа созылатыны сөзсіз. Сондықтан да мал азығын дайындауға керекті барлық машиналар мен құралсаймандарды деркезінде дайындап, мал азығының берік базасын жасау, сондай-ақ, қоғамдық малды жылы қорамен қамтамасыз ету —колхоз басшыларының маңызды міндеті.

З. ҚАСКЕЕВ.

Қой жүні—аса бағалы шикізат

Биязы және жартылай биязы қой өнімді көп беретін мал болып саналады. Облыс колхоздарының көпшілігінде қой саны жылдан- жылға көбейіп, олардан алынатын жүн мөлшері едәуір артуда. Соңғы жылдары колхоздар мемлекетке биязы және жартылай биязы жүнді тапсыру мөлшерін біраз көбейтті. Колхоздар мемлекетке жүн тапсырудан мыңдаған сом пайда табуда.

Булаев ауданындағы Буденный атындағы колхоз 1953 жылы қой өсіру жоспарын артығымен орындап, 1952 жылғыдан қой санын 325 бас арттырды. Мұнымен бірге, колхозда әрбір қойдан орта есеппен 3 килограмға жуық биязы және жартылай биязы жүн алынды. Конюхов ауданындағы Молотов атындағы, «Қазақстанның 30 жылдығы», Петропавл ауданындағы Сталин атындағы, Преснов ауданындағы «Путь к социализму» және басқа бірнеше колхоздар өткен жылы қой өсіруде және олардан алынатын жүн мөлшерін арттыруда елеулі табыстарға ие болып, шаруашылықтың бұл саласынан мол табыс тапты.

Алайда, осындай жетістіктермен бірге, колхоздарда елеулі кемшіліктер де орын алып отыр. Біркатар колхоздардың басшылары мен мал мамандары қой санын көбейту, әсересе, етті, жүнді мол беретін қойларды көптеп өсіру мәселесімен аз шұғылданады. Мысалға Совет ауданындағы Ленин атындағы, «Новый быт», Ленин ауданындағы «Еңбек» колхоздарын алуға болады. Бұл аталған колхоздарда жылсайын қойдың шығынына жол беріледі. Қысқы уақыттарда қойларды күту, азықтандыру жұмыстары зоотехникалық -малдәрігерлік ережелерге сәйкес жүргізілмейді. Аталған колхоздардың басшылары, сол сыяқты, бұл колхоздарды қамтыйтын мамандар қойлардың тұқымын асылдандыру, фермаларда етті, жүнді қойлардың көптеп өсірілуін қамтамасыз ету ісімен аз шұғылданады. Осының барлығы фермаларда қой санының көбеймеуіне және алынатын жүннің белгіленген мөлшерден әлде қайда кем болуына негізгі себеп болуда. Мұндай кемшіліктер облысмыздың басқа аудандарының біркатар колхоздарында да орын алды.

Облыс колхоздарын тұтас алғанда быйылғы мал қыстату маусымы өткен жылдардағыдан ұйымдасқан түрде өтті. Ірі қойлардың шығыны азайып, алынған төлдердің саны молайды. Бұл қойлардан жүнді көп алуға мүмкіндік береді.

Қойлардан жүнді неғұрлым көп алудың ендігі бір негізгі шарты —жүн қырку маусымын тыңғылықты ұйымдастырып, оны үлгілі өткізу болып саналады. Бұл үшін қой қырқатын электр агрегаттарының жұмысты жақсы істеуі, агрегаттарда жұмыс істеуші мамандардың өз міндеттеріне жауаптылықпен қарауы керек.

МТС-тердің қайсысында болсын қойқырқатын электр агрегаттары жеткілікті. Агрегаттармен колхоздардағы барлық қойлардың жүнін қысқа мерзімде қыркуға мүмкіншілік жеткілікті.

Өткен жылы көптеген колхоздар қойлардың жүнін электр агрегатымен қырку алынатын жүннің мөлшерін едәуір молайтатындығын, өздерінің іс тәжрибелерінен айқын көрді. Бұл жұмысты механикаландыру біркатар колхозшылардың басқа шаруашылықтармен шұғылданулары мүмкіндік береді. Жүн қыркуда электр агрегатын пайдалану әрбір қойдан алынатын жүн мөлшерін 15—20 процент арттырады. Бұл—әрбір қойдан қырқылған жүн мөлшері 200-400 грамм артады деген сөз.

Өткен жылы Булаев, Мамлют, Петропавл, Совет және Ленин аудандарының колхоздарында қойдың жүнін қырку негізінен механикаландырылды. Бұл жұмыстағы мамандар өздерінің шеберліктерін арттыру арқылы бір күнде 60 және одан да артық қойдың жүнін қыркуға жетісті.

Бірақ, біркатар аудандардың колхоздары мен МТС- терінің басшылары қойлардың жүнін қырку ісіне әзірлікті кезінде ұйымдастырмады, бұл жұмысты механикаландыру ісіне мән бермеді, электр агрегаттарының жұмыс өнімділігін арттыру мәселесіне назар аудармады. Осының салдарынан Приешім, Октябрь, Преснов, Полудень және Конюхов аудандарының көп колхоздарында қойлардың жүні қолмен қырқылды. Мұның ақыры алынатын жүн мөлшерінің кем болуына және колхоздардың шаруашылықтың бұл саласынан табысты аз алуына әкеліп соқты.

Аталған аудандардың МТС-тері мен колхоздарының басшылары өткен жылдың бұл кемшіліктерінен тиісті қорытынды шығарып, қойдың жүнін қыркуға колхоздар мен МТС-тердің барлық жағынан үлгілі әзірленулеріне жетісулері керек еді. Бірақ, кәзіргі жағдай мүлдем керісінше болып отыр. Бұл аудандардың көпшілік МТС-тері мен колхоздары аса маңызды іске тыңғылықты әзірленген жоқ.

Кәзір бұл жұмысқа кірісетін уақыт жетті. Солай бола тұрса да, Коновалов, Ворошилов атындағы, Приешім және Семиполка МТС-терінде қойлардың жүнін қырқатын электр агрегаттарын жөндеу жұмысы аяқталған жоқ. Коновалов МТС-інде мұндай агрегаттардың саны екеу болса, оның бірі жөнделген жоқ. Тіпті МТС басшылары бұл агрегатқа қажетті қосалқы бөлшектерді де дайындамаған. Кейбір агрегаттарда жүн қырқатын машиналар аз. Мәселен, Ворошилов атындағы МТС-те бір агрегатқа төрт машинадан ғана келеді. Мұндай кемшілік Семиполка МТС-інде де бар. Агрегатта қойдың жүнін қырқатын машиналардың аз болуы электр агрегатының күші толық пайдаланылмауына негізгі себеп болады.

Қойлардың жүнін қыркуды қысқа мерзімде өткізу кәзіргі негізгі жұмыстардың бірі. Облыс колхоздарында бұл жұмыс 10 июньге дейін аяқталуы керек. Бұған көп уақыт қалған жоқ. Сондықтан мал өсірушілер мен мал мамандарының міндеті—әрбір агрегаттың жұмысқа өнімді пайдаланылуын қамтамасыз ету, әрбір колхозда, фермада қойлардың жүні тек қана электр агрегатымен қырқылуына жетісу.

МТС директорлары мен мамандары электр агрегаттарын жөндеудегі кемшіліктерді тезінен жоюға, ол агрегаттардың маман кадрлармен толықтырылуына жетісуге міндетті. Агрегаттар қойлардың жүнін қыркуда тәжрибесі бар МТС механизаторлары мен колхозшылардан толықтырылатын болсын. Колхоз басшылары қойлардың жүнін қырқатын орындар әзірлеу ісін тезінен аяқтауға тиіс. Агрегаттардың өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатымен колхоз басқармасы агрегат мүшелеріне көмекші адамдарды жеткілікті мөлшерде бөлуі керек.

МТС механиктері мен мал мамандары қойлардың жүнін қырку ісіне күнбе- күн нақтылы басшылық жасап отыруға, электр агрегаттарының жұмысының өнімді болуын қамтамасыз етуге, қырқылған жүннің дұрыс буын- түйілуіне жетісуге тиіс. Ферма меңгерушілері мен мал мамандары алынған жүннің есебі дұрыс жүргізілуін, мұнда жұмыс істеушілердің еңбегі дұрыс бағаланылуын қадағалап отыруға міндетті. МТС басшылары әрбір электр агрегатты транспортпен қамтамасыз етуге тиіс. Әсересе, алынған жүннің тезінен дайындау орындарына жеткізілуіне көңіл бөлінсін. Дайындау орындарының қызметкерлері жүнді кезінде қабылдап отыруы қажет.

Колхоздар мен совхоздардағы мал шаруашылығының мамандары қойлардың жүнін қырку жұмысының қысқа мерзімде және ұйымдасқан түрде өткізілуіне жете назар аударулары керек. Қой қырку науқанына әзірлікте орын алып отырған кемшіліктерді дереу жоюдың нақтылы шараларын белгілеуге, оның мінсіз жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

В. ГМЫЗИН,

Облыстық ауылшаруашылық басқармасының қой шаруашылығы жөніндегі бас зоотехниги.

Елеулі кемшіліктер орын тепкен жерде

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдары еліміздің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету мәселесін бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі етіп алға қойды. Бүкіл ауыл шаруашылығын өркендетудің негізі болып табылатын астық өндірісін игерілмей жатқан тың және тыңайған жерлер есебінен ұлғайту — кәзір бүкілхалықтық іске айналды.

Ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету міндеті кәзіргі уақытта отандық алуан түрлі жаңа техниканы жете меңгерген, ғылым табыстары мен ауыл шаруашылығының озат әдістерін ұштастыра білетін маман кадрларды көптеп даярлауды талап етеді.

Ауыл шаруашылығының мамандарын даярлайтын облысымыздағы көптенгі оқу орындарының бірі —Петропавлдың ауылшаруашылық техникумы. Бұл техникумды бітіріп шыққан мыңдаған агрономдар, жерге орналастырушылар, бухгалтерлер республикамыздың колхоздары мен совхоздарында еңбек етіп жүр.

Быйыл бұл техникумда 522 студент оқыйды. Соның ішінен 25 агроном, 55 жерге орналастырушы техникумды быйыл бітіріп шығады. Кәзір бұл студенттер жыл бойғы алған теориялық білімдерін практикада қолдану үшін диплом жұмыстарын қорғау қарсаңындағы тәжрибе жұмыстарында жүр.

Техникум жоғары білімі бар маман оқытушы кадрлармен жыл сайын толықтырылып та келеді. Кәзір мұнда істейтін 30 оқытушының 25-нің жоғары дәрежелі білімі бар.

Техникум қажетті көрнекі құралдармен, сол сыяқты, оқулықтармен толық қамтамасыз етілген. Мұнда әрбір пәнге арналған арнаулы кабинеттер бар. Әсресе, геодезия, ботаника, мал шаруашылығы, физика кабинеттері жақсы жабдықталған. Сонымен бірге, техникумда химиялық лаборатория жұмыс істейді.

Техникумның осындай мүмкіншіліктеріне қарамастан оның жұмысында әлі де болса елеулі кемшіліктер орын алып келеді. Оқу программасының формальді түрде толық өтуіне баса назар аударған техникум басшылары студенттердің ауыл шаруашылығы жөнінде терең және жан-жақты білім алуына жете көңіл бөлмейді. Әсресе, болашақ мамандардың теориялық білімдерін практикамен байланыстыру мәселесі техникумда әлі де болса кәзіргі талаптарға сай емес.

Сөзімізді дәлелдеу үшін фактілер келтірейік. Үстіміздегі оқу жылының бірінші жартысында тек бірінші курстың өзінде 162 студенттің 21-і математика пәнінен, 18-і химия пәнінен төмен баға алды. Өзге курстардағы жағдай да нақ осындай.

Техникум студенттері, әсресе, мал шаруашылығы сабағынан өте нашар үлгерген болатын. Сол сыяқты, ботаника пәнінен тапсырылған емтихан көрсеткіштері де төмен. Бірінші семестрдегі емтихан қорытындысы болашақ мамандардың өздерінің теориялық білімдерін практикамен байланыстыра білмейтіндігін көрсетті.

Бұл сыяқты кемшіліктердің оқу жылдарының ішінде техникумның қоғамдық өмірінен тыс қалған. Ал, бұл сыяқты техникумның оқу жүйесіндегі өзекті мәселені кәтеруді техникумның дирекциясы да, партия ұйымы да естен шығарған.

Жоғарыда практикалық жұмыстар жүргізуге арналған кабинеттер бар дедік. Ол кабинеттерде студенттердің практикалық жұмыста қолданатын көрнекі құралдар мен аспаптар жыйнақталған. Бұл кабинеттердің үнемі ашық болып, жұмыс істеуі студенттердің алған теориялық білімдерін практикамен ұштастыруға дағдыландыруда зор пайдасы болған болар еді. Бірақ, істің жайы бұлай болмай отыр. Кабинеттер тек консультация, емтихан уақытында ғана ашылып жұмыс істейді. Басқа бос уақыттарда студенттердің өздігінен дайындалуға мүмкіншілік туғызылмаған. Ал, мал шаруашылығы кабинеті, тіпті емтиханға дайындалу және консультация кезінің өзінде де жабық тұрған.

Техникум кабинеттеріндегі өте бай көрнекі құралдардың көпшілігі жәшіктер мен шкафтарда пайдаланылмай жатыр. Олардың ішінде бірнеше жылдан бері бір рет те пайдаланылмай, шаң басып, істен шығуға айналған көрнекі құралдар да жоқ емес.

Техникум дирекциясы мен оқу бөлімі басшыларының өз ісіне жауапсыз қарайтындығын дәлелдеу үшін мына фактіні айтып өтудің өзі жеткілікті. II-курсте мал шаруашылығы пәнінен емтихан болып өткеніне он шақты күн болса да мектеп директоры Зимин жолдас пен оқу бөлімінің меңгерушісі Желнин жолдастар бұл курсте қанша студенттің емтихан тапсыра алмай қалғандығын білмейді дәр. Емтихан қорытындысы жазылған ведомость оқытушы Шверковтың қалтасында кетіп қалыпты.

Техникум студенттерінің басым көпшілігі комсомолцетер. Бұл жағдай техникум комсомол комитетіне де зор жауапкершілік жүктейді. Амал не, істің нәтижесі керісінше болып отыр. Емтиханға дайындық кезінде комсомол ұйымы өз жұмысын жандандыра түсудің орнына, мүлде босаңсытып жіберген. Оған комитеттің, ең ақыры, май айына арналып жұмыс жоспарының мүлде жасалмауы айқын дәлел бола алады. Бұл кемшіліктердің бәрі ҚЛКЖО қалалық комитетіне белгілі бола тұрса да, олар техникумда комсомол жұмысын жандандыруға ешқандай назар аудармай отыр.

Техникумның кәсіподақ ұйымында 500 ден астам мүше бар. Бұл ұйымның жұмысы да формальды жүргізіледі. Мәселен, бір жыл бойына ұйымның тек бір рет қана жыйналысы өткізілген. Жұмыс жоспары соңғы екі ай бойы жасалмаған. Мұның барлығы студенттер арасындағы тәрбие жұмысының нашар жүргізілуіне әкеліп соғып отыр.

Сол сыяқты, студенттердің жатақханасы да оқуға, дем алуға толық қолайлы емес. Өткен жылы күрделі жөндеу жүргізілмей қалған бөлмелер қыста өте суық болды. Техникумда отын қоры жеткіліксіз болғандықтан жатақхана бөлмелерін жылытуға мүмкіншілік болмады. Жиі қатары техникумның қоғамдық өмірінен тыс қалған. Ал, бұл сыяқты техникумның оқу жүйесіндегі өзекті мәселені кәтеруді техникумның дирекциясы да, партия ұйымы да естен шығарған.

Жоғарыда практикалық жұмыстар жүргізуге арналған кабинеттер бар дедік. Ол кабинеттерде студенттердің практикалық жұмыста қолданатын көрнекі құралдар мен аспаптар жыйнақталған. Бұл кабинеттердің үнемі ашық болып, жұмыс істеуі студенттердің алған теориялық білімдерін практикамен ұштастыруға дағдыландыруда зор пайдасы болған болар еді. Бірақ, істің жайы бұлай болмай отыр. Кабинеттер тек консультация, емтихан уақытында ғана ашылып жұмыс істейді. Басқа бос уақыттарда студенттердің өздігінен дайындалуға мүмкіншілік туғызылмаған. Ал, мал шаруашылығы кабинеті, тіпті емтиханға дайындалу және консультация кезінің өзінде де жабық тұрған.

Техникум кабинеттеріндегі өте бай көрнекі құралдардың көпшілігі жәшіктер мен шкафтарда пайдаланылмай жатыр. Олардың ішінде бірнеше жылдан бері бір рет те пайдаланылмай, шаң басып, істен шығуға айналған көрнекі құралдар да жоқ емес.

Техникум дирекциясы мен оқу бөлімі басшыларының өз ісіне жауапсыз қарайтындығын дәлелдеу үшін мына фактіні айтып өтудің өзі жеткілікті. II-курсте мал шаруашылығы пәнінен емтихан болып өткеніне он шақты күн болса да мектеп директоры Зимин жолдас пен оқу бөлімінің меңгерушісі Желнин жолдастар бұл курсте қанша студенттің емтихан тапсыра алмай қалғандығын білмейді дәр. Емтихан қорытындысы жазылған ведомость оқытушы Шверковтың қалтасында кетіп қалыпты.

Техникум студенттерінің басым көпшілігі комсомолцетер. Бұл жағдай техникум комсомол комитетіне де зор жауапкершілік жүктейді. Амал не, істің нәтижесі керісінше болып отыр. Емтиханға дайындық кезінде комсомол ұйымы өз жұмысын жандандыра түсудің орнына, мүлде босаңсытып жіберген. Оған комитеттің, ең ақыры, май айына арналып жұмыс жоспарының мүлде жасалмауы айқын дәлел бола алады. Бұл кемшіліктердің бәрі ҚЛКЖО қалалық комитетіне белгілі бола тұрса да, олар техникумда комсомол жұмысын жандандыруға ешқандай назар аудармай отыр.

Техникумның кәсіподақ ұйымында 500 ден астам мүше бар. Бұл ұйымның жұмысы да формальды жүргізіледі. Мәселен, бір жыл бойына ұйымның тек бір рет қана жыйналысы өткізілген. Жұмыс жоспары соңғы екі ай бойы жасалмаған. Мұның барлығы студенттер арасындағы тәрбие жұмысының нашар жүргізілуіне әкеліп соғып отыр.

Сол сыяқты, студенттердің жатақханасы да оқуға, дем алуға толық қолайлы емес. Өткен жылы күрделі жөндеу жүргізілмей қалған бөлмелер қыста өте суық болды. Техникумда отын қоры жеткіліксіз болғандықтан жатақхана бөлмелерін жылытуға мүмкіншілік болмады. Жиі

Петр Пустоваловтың трактор бригадасы Маленков атындағы жаңа ұйымдастырылған астық совхозындағы ең жақсы бригадалардың бірі. Бригада мүшелері бұл совхозға Краснодардан келген болатын. Олар үлгілі еңбек етіп, көңілді дем алуда. Жуырда бригада мүшелері радиоқабылдағыш, сырнай, шахмат және басқа мәдени құралдар алды.

СУРЕТТЕ: жұмыстан бос уақытта бригада мүшелерінің палаткада дем алып отырған кезі.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Нысанам—еңбек өнімділігін арттыра беру

Мен слесарь болып істейтін «Молот» кәсіпшілік артелі үй шаруасына қажетті бұйымдар жасап шығарады. Артель өндіріс мүмкіншіліктерін пайдалануды жақсарта отырып, өнім шығаруда бірқатар табыстарға жетуде. Мәселен, өнім шығарудың бірінші тоқсандағы жоспары 104,6 процент, апрель айында тағайындалған өндірістік жоспар 103 процент орындалды. Осының нәтижесінде артель еңбекшілерге жүздеген сомның бұйымдарын жоспардағыдан артық берді.

Мұнда біздің әрқайсымыздың тиісті үлесіміз бар. Мен слесарь болып істейтін кровать жасайтын цех жұмыспыларының бұған сіңірген еңбегі аз емес. Цех коллективі Москва қаласы мен Москва облысы кәсіпорындарының еңбек өнімділігін арттыру, ақауға жол бермей, шығарылатын бұйымдардың сапасын жақсартып, өзіндік құнын кемітуге жолындағы күресті күшейту жөніндегі игілікті бастамасыч қызу қолдады. Бұған жауап ретінде жұмыспылар еңбек өнімділігін арттырып, еңбекшілердің тұтыну тілегін қанағаттандыратын әдемі, сапалы кроватьтарды көп шығаруға міндеттенген еді.

Кәзір біз бұл міндеттемелерімізді аброймен орындап келеміз. Қысқа уақыт ішінде тың және тыңайған жерлерді игеруге келгендер үшін 600-ден астам жоғары сапалы кровать жасап шығардық.

Мен өзім москвалықтардың патриоттық бастамасын қостай отырып, кровать жасауда еңбек өнімділігін есепеп арттыруға міндеттенген едім. Бұл үшін мүмкіншіліктерді өзімнің жұмыс орнымнан іздестірдім. Оны мен құрал -жабдықтар мен материалдарды және жұмыс уақытын тиімді пайдаланудан, өзімнің слесарьлық шеберлігімді үздіксіз арттырудан таптым. Жұмыс орнын әрқашан тәртіпті ұстаймын. Сменада өнім шығаруға қажетті материалдарды күн сайын жұмыс басталардан бұрын жеткілікті әзірлеп аламын. Кровать бөлшектерін өңдейтін құрал-саймандар да әрдайым іске дайын тұрады. Осының арқасында бүкіл смена бойына тоқтаусыз жұмыс істеуге, өнімді жоғары сапада шығаруға мүмкіндік алдым. Бұл күндері мен сменалық тапсырмамды үдайы 200 процеттен орындаймын.

Бұл әлі табыс шегі емес. Бізде пайдаланылмай жатқан мүмкіндіктер көп. Осындай мүмкіндіктерді толық іске қосуға жетісіп, мен алдағы уақытта кровать шығаруда бұдан да жоғары көрсеткіштерге жете беремін.

П. ГРИГОРЬЕВ,

Қаладағы «Молот» кәсіпшілік артелінің слесары.

Жүйрік локомотивтер

Петропавл паровоз депосының машинистері теміржолшылар күні құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, локомотивтердің айналымын тездетуде.

Теміржолшылар құрметіндегі социалистік жарыста № 724 паровоздың машини-

Ол 9 ауыр жүк тиелген паровоз жүргізіп, 4 мың 300 тонна жүкті нормадан артық тасыды. Васильев, жолдас теміржол тасымалы қызметкерлері активінің Бүкілодақтық кеңесіне қатысушылардың Совет Одағының барлық теміржолшыларына жазған Үн-

ЕГІНШІЛЕРГЕ КЕҢЕС

Тың жерлер есебінен пар жырту— егіннен мол өнім алудың негізі

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдарының қаулыларында ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөнінде үлкен міндеттер қойылды. Ауыл шаруашылығын өркендету ісінде астық әсресе, жаздық бидай өндірісінің үлкен маңызы бар. Өйткені, астық өндірісі барлық ауылшаруашылық өндірісінің негізі болып есептеледі. Қаулыда көрсетілгеніндей біз неғұрлым астық өнімін көбейтсек, солғұрлым астық ғана емес, етті, майды және басқа мал шаруашылығынан алынатын өнімдерді де көбейтеміз.

Тың және тыңайған жерлер өте құнарлы болғандықтан бірнеше жыл қатарымен жаздық бидайдан жоғары өнім береді. Ол жөнінде Қазақстанның көптеген колхоздары мен совхоздарының тәжрибелері дәлел бола алады. Мысалы облыстағы Жонюхов ауданының «Путь Ленина» колхозы 1953 жылы 350 гектар тың жерге егілген жаздық бидайдың гектарынан 30 центнерден өнім алды.

Тың және тыңайған жерлерден көп өнім алу үшін агротехникалық шаралардың мұқыят жүзеге асырылуының зор маңызы бар. Бірақ, колхоздар мен совхоздардың біразы бұл негізгі мәселеге тиісті көңіл бөлмей келеді. Тың жерлердің топырағы құнарлы болса, оған арам шөптер шығуына жол берілмесе, ол жерге 5-6 жыл қатарымен жаздық бидайды егуге болады. Оның бірінші үш жылында қатты бидай, қалған жылдарында жұмсақ бидай тұқымын себу керек.

Тың жерлердің құнарын келесі жылдың егісінде толық пайдалану үшін кәзіргі дайындалатын жерлерге агротехникалық шараларды дұрыс жүргізу қажет. Кәзірден бастан колхоздар мен совхоздар келесі жылдың егісі үшін парға тың және тыңайған жерлерді көптеп дайындаулары қажет. Тың және тыңайған жерлерді жыртқанда мына шараларды мінсіз жүзеге асыру керек.

Табиғи өсімдіктердің қаулап өсуіне жол бермеу үшін жердің шымды қабатын толық аударып, өсімдігі бар жер қыртысын топырақтың астында қалдырған жөн. Микроорганизмдерге ауа баруына жағдай туғызу үшін аударылған жер қыртысы агротехникалық ережелерге сәйкес жұмысталуы керек. Жерді дұрыс жұмыстау органикалық қалдықтардың тез минералды түрге айналуына сәйтіп, өсімдіктерге керекті қоректік заттардың көбеюіне мүмкіншілік туғызады. Дайындалған жерде ылғалды көбейту және оның сақталуына қажетті жағдайлар жасау қажет.

Бұл міндеттерді дұрыс орындау үшін белгілі тәртіпмен ауылшаруашылық құралдарын іске өнімді пайдалану керек. Тың және тыңайған жерлер қосымша түренді плугпен жыртылып, лущильникпен ,ауыр тырмамен жұмыстаналады. Бұдан кейін жердің бетін тегістеп тығыздау үшін ауыр катокты пайдаланып, қысқа қарды қалың етіп тоқтату керек. Осы шаралар мұқыят жүзеге асырылған жағдайда ғана егіншілер тың және тыңайған жыртар алдында дискеленбеген. Соның салдарынан кейбір участоктердің жерлерін жыртқанда трактордың күші жетпегендіктен жер өте тайыз жыртылған.

Дискеленген тың жерлер қосымша түренді плугпен 25-30 сантиметр, жер қыртысы тайыз болса 22-23 сантиметр тереңдікте жыртылады. Қосымша түреннің алатын тереңдігі 12-13 сантиметр, ол жердің үстіңгі қыртысын толық аударатын болуы қажет. Қосымша түреннің көмегімен ғана органикалық заттарға бай жер қыртысын топырақтың астына қалдыруға болады. Ол органикалық заттар топырақтың астында шіриді де өсімдікке керекті қоректік заттарды көбейтеді.

Академик Т. Д. Лысенконың айтуы бойынша органикалық заттарға бай жер қыртысы плугтің негізгі корпустері аударған шыммен араласпай оның астында қалып толық жабылуы керек. Егер біз жердің шөпті қабатын негізгі қабатпен араластырсақ, органикалық заттардан пайда болатын қоректік заттар аз болады. Өйткені, жердің қыртысы топырақтың үстінде қалып шірімейді. Сондықтан плугтің қосымша түрені дұрыс пайдаланылып, жердің шөпті қабат топырақтың түбінде, негізгі корпус аударған қабаттың астында қалдырылуы керек. Осылай етіп жыртылған жерді дискелегенде, не тырмалағанда шөпті қабат қайтадан жер бетіне шығарылмауы қажет.

Дискеленген жерді жырту мен тырмалау бір агрегатта орындалады. Тырмалау екі ізбен жүргізіледі. Егер бұл тырмалау жеткіліксіз болса, аңыз қосымша жылан бауыр тракторменен тағы да тырмалануға тиіс. Тырмалаудан кейін жердің шым кесектері уатылмаса қосымша тереңдігі 8—10 сантиметр етіп тырма тіркелген дискемен жұмысталады.

Тың жерді осылайша қанша жақсы жұмыстағанмен ол жер тығыз болмай бос болады да, топырақтағы ылғал тез құрғап кетеді. Топырақтағы ылғалды құрғатпас үшін тырмалаудан кейін ауыр катокпен (салмағы 300-500 килограмм) аңызды тығыздау керек. Каток арқылы тығыздалған жерден ылғалдың буланып ұшуы кемиді. Топырақта ылғалдың мол болуы егіннен мол өнім алуға келелі үлес қосатынын алдыңғы қатарлы егіншілер өздерінің іс тәжрибелерінен айқын көріп жүр. Осы тәртіп пен жұмыстанған тың және тыңайған жерлер арамшөптерден таза күйінде қысқа дейін қалдырылуы керек. Егер ол жерлерде арам шөптер шыға бастаса, оларды жою шараларын қолдану керек. Ол үшін табанды культиваторлар не дискелі лущильниктер пайдаланылсын. Аңызды жұмыстау тереңдігі 6-7 сантиметрден аспау керек. Бұл жер қыртысы топырақ бетіне шықпауына жағдай жасайды.

Осылай дайындалған тың жерлерге ылғалды молайту үшін қысты күні қар тоқтату жұмысы жүргізіледі. Ал, қар тоқтату үшін бұл жерлерге қатарарлығын 70 сантиметр етіп, жүнбағыс, горчица дақылдарын егуге болады.

Ақмола облысы Атбасар ауданы Карл

орын алмауына жетісу—техникум басшылары мен партия, комсомол ұйымдарының қатаң есте ұстайтын мәселесі болуға тиіс еді. Амал не, олар өткен семестрдің бұл кемшіліктерінен әлі де болса тиісті қорытынды шығармаған. Екінші семестрдің алғашқы емтихандарының көрсеткіштері өте төмен дәрежеде болып отыр.

Ең алдымен, техникум дирекциясы оқытушылар коллективінің студенттерге терең теориялық білім берудегі жауапкершілігін арттыру мәселесіне көңіл бөлмеген. Соның салдарынан кейбір оқытушылар техникумға тек белгілі уақытта келіп кетіп, студенттерге бірер сағаттық лекцияларын атүсті оқып кетуді әдетке айналдырған. Тіпті, оқытушылардың бір-

дің төсек-орындарының уақытында ауыстырылмауы.

Кәзіргі, ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету мәселесін үкмет пен партия бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі етіп қойып отырған кезде, ауыл шаруашылығы үшін маман кадрлар даярлайтын оқу орнында бұл сияқты зор кемшіліктердің орын алуына ымырашылдық жасау—төзбейтін кемшілік. Сондықтан да техникум басшылары бұл кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарып, ауыл шаруашылығы үшін теориялық білімін практика мен ұштастыра білетін маман кадрлар даярлау ісін мейлінше жақсартулары керек.

Ж. МҰҚАНОВ.

паровозды жоғары техникалық күтімде ұстап, оның тәуліктік жүрісін барған сайын арттыруда. Следзевский жолдас май айының екі он күндігінің ішінде 11 ауыр салмақты поезды графиктен бұрын жеткізіп, жоспардан тыс 5 мың тонна жүк тасыды.

Салмағы нормадағыдан арттырылған поездарды көптеп жүргізушілердің бірі № 1446 паровоздың машинисі Танков жолдас. Ол осы айдың өзінде ғана 9 ауыр салмақты поезд жүргізді. Жоспардан тыс 4 мың 800 тонна жүк тасуға жетісті. Шебер машинистер бұл поездардың барлығын графиктен бұрын жеткізді. Сол сияқты машинист Белолипицкий жолдас та әрбір сапар сайын локомотивтің тәуліктік жүрісін арттырумен келеді.

техникалық жылдамдығын арттырып, бірнеше ауыр салмақты поездар жүргізуге міндеттенген болатын. Васильев жолдас бұл міндеттемесін кәзір аброймен орындап жүр.

20 май күні машинист Васильев жолдас Петропавл станциясынан Есілкөл станциясына салмағы нормадағыдан 1600 тонна арттырылған поезбен жолға шықты. Жолдың талай қыйын жерлерінен поезды бөгетсіз жүргізе білген ол ауыр жүкті Есілкөл станциясына график бойынша жеткізіп үлгерді. Осы жолы ол салмағы нормадағыдан 674 тонна арттырылған поезды Есілкөл станциясынан Петропавлға белгіленген уақыттан бір минут та кешіктірмей алып келді.

В. ОХРЕМЕНКО.

жеде жыртылып, өңделуіне жетісе алады.

Озат колхоздардың тәжрибелеріне байланысты тың және тыңайған жерлерді жұмыстағанда мына ерекшеліктерге көңіл бөлінсін. Алдымен тың және тыңайған жерлерді жыртпастан бұрын танаптың ұзын және көлденең бойымен 9—10 сантиметр терендікте лущильникпен не дискелі тырмамен жұмыстау керек. Ал, жер жұмсақ болса дискелеуді қолданбауға да болады. Бірақ, қатты, тың жерді алдымен дискелеудің үлкен пайдасы бар. Кемшілік колхоздар мен совхоздар жерді жыртар алдында дискелеу мәселесіне көңіл бөлмей, қатты тың жерлерді бірден жыртуға кіріседі. Мәселен, Приешім ауданындағы Қызыласкер совхозында осындай жағдай бар. Мұнда қатты тың жер

жыртылған 86 гектар тың жердің гектарынан 20 центнер, ал күзге карай жыртылған тың жерден 13 центнер өнім алған.

Сонымен біз бұл фактілерден неғұрлым тың жер ерте жыртылса терендігі 25—30 сантиметрден кем болмаса, солғұрлым ол жерден алынатын өнім көп болатынын іс жүзінде көріп отырмыз.

Облыс колхоздары мен совхоздарының және МТС-терінің тың және тыңайған жерлерді игеруде агротехникалық шараларды дұрыс қолдану арқылы жаздық бидайдан мол өнім алып, партия мен үкметіміздің алға қойып отырған міндеттерін мінсіз орындап шығатындықтары сөзсіз.

Агроном А. РАШЕВ.

Трактор паркі дала жұмыстарына неғұрлым тиімді пайдаланылсын

Ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде партиямыз бен үкметіміз колхоздарға материалдық- техникалық көмекті көптеп көрсетуде. Тек үстіміздегі жылы облыс машина- трактор станциялары 600-ден астам қуатты тракторлар, мыңдаған тіркеу саймандарын алды. МТС -тер өз ісіне шебер мамандар және механизаторлармен толықтырылды.

Мұның барлығы облыс колхоздарында егіс көлемін еселеп ұлғайтуға, дәнді дақылдардың, жүгерінің, майлы егістердің, картоптың, овощтың және мал азығындық дақылдардың өнімін едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Алдыңғы қатарлы трактор бригадалары мен трактор отрядтарының іс тәжрибелері трактор паркінің қуаты дала жұмыстарына неғұрлым тиімді пайдаланылса, солғұрлым шаруашылық жұмыстарына жаңа табыстарға жетуге болатындығын нақтылы іс жүзінде дәлелдеп келеді.

Ворошилов атындағы МТС-тің тракторшысы Н. Колесников жолдас агрегатқа техникалық күтімді уақытылы жасау, трактордың қуатын, жұмыс уақытын тиімді пайдалану арқылы тың жерлерді дискелеуде сменалық жұмыс тапсырмасын 218-344 процент орындайды. Осы МТС-тің тракторшылары Н. Павленкова, В. Лукин, В. Соколов жолдастар да тың жер жыртуда, тұқым себуде, жыртылған аңызды тырмалауда сменалық тапсырмаларын үнемі артығымен орындап жүр. Мұндай фактілерді облысымыздың басқа МТС-терінен де көптеп келтіруге болады.

Сонымен қатар облыс машина- трактор станцияларында трактор паркін дала жұмыстарына пайдалануда көптеген резервтер әлі күнге дейін толық пайдаланылмай келеді. Егер барлық МТС-терде тракторлардың қуаты дала жұмыстарына неғұрлым тиімді пайдаланылған болса, онда облыс колхоздарында егіс жұмыстары осы уақытқа дейін толық аяқталған болар еді.

Тракторлардың қуатын дала жұмыстарына өнімді пайдаланудың негізгі бір шарты тракторлардың күшіне карай ауылшаруашылық саймандарын тіркеу. Алайда, бірқатар МТС -терде істің бұл саласында елеулі кемшіліктерге жол берілген. Көптеген тракторларға ауылшаруашылық саймандары трактордың күшінен кем мөлшерде тіркеледі. Мысалға Соколов, Торанғұл, Асанов МТС-терін алуға болады. Бұл МТС-терде «ДТ—54» тракторы 4 сеялка орнына 3 сеялкамен ғана жұмыс істейді. Налобин МТС-інде осы тракторға бір культиватор, бір сеялка және бір ізде тырма ғана тіркелін пайдаланылып келген. Бұл трактордың күші небары 40-45 процент ғана пайдаланылды деген сөз.

Көптеген МТС- терде «СХТЗ» тракторларына бір ғана сеялка тіркеледі. Мұның өзі трактордағы 5-6 аттың күші жұмыс қа мүлде пайдаланылмауына негізгі себеп болуда. «С—80» тракторларын агрегаттау ісінде де елеулі кемшіліктерге жол берілін келеді. МТС-тердің көпшілігінде бұл тракторларға 5 сеялка ғана тіркелген, ал, Ворошилов атындағы МТС-те мұндай трактор жеңіл лущильник және 24 тырмамен жұмыс істейді.

Тракторлардың қуатын өнімді пайдаланбау колхоздарда дала жұмыстарының жоспарда белгіленген мерзімде орындалмауына әкеліп соғуда. Сондықтан МТС басшылары істегі мұндай елеулі кемшіліктерді тезінен жоюға, сөйтіп, әрбір трактор бригадасында тракторлардың қуаты жұмыска неғұрлым тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Тракторларды дала жұмыстарына өнімді пайдалану үшін трактор бригадаларында еңбекті дұрыс ұйымдастыру керек. Ол үшін егіс және трактор бригадаларының жұмысты ынтымақтаса істеуіне жетісу қажет. Қай жерде екі бригаданың ынтымағы күшті болса, сол жерде еңбек өнімді болатындығы жылма- жылғы тәжрибеден айқын көрініп келеді. Ал, колхоздардың егіс бригадасы мен МТС-тердің трактор бригадасының арасында жұмыс ынтымағы кем болса, онда тракторлардың қуаты өнімді пайдаланылмайды. Оған бір мысал келтірейік.

Ворошилов атындағы МТС-те Грицин жолдастың трактор бригадасы Октябрь ауданындағы «Заря коммунизма» колхозында жұмыс істейді. Оны Өбдиев жолдастың басқаруындағы егіс бригадасы қамтыйды. Егіс жұмыстарының бас кезінде бұл екі бригаданың арасында еңбек ынтымағы аз болды. Осының салдарынан трактoршылар сменалық жұмыс тапсырмаларын үнемі орындамай келді. Бұл кемшіліктердің сыры ашылғаннан кейін екі бригаданың ынтымағы күшейтілді. Егіс бригадасы тракторларға жанар, жағар майды, суды, тұқымдық дәнді уақытылы жеткізіп, бригаданы қамтуға өз ісіне ұқыптылықпен қарайтын колхозшыларды бөлді. Осының нәтижесінде барлық тракторшылар сменалық жұмыс тапсырмаларын артығымен орындап, еңбек өнімділігін екі есе арттырды. Осы колхоздағы Изотов жолдастың басқаруындағы № 3 егіс бригадасы трактор бригадасының жұмысына қажетті жағдайлар туғызып отырмайды. Мұнда тұқымдық дәннің жеткізілмеуінен тұқым себуде жұмыс істеп жүрген агрегаттар 11-12 сағат тоқтап тұрады.

Налобин, Торанғұл, Соколов МТС- терінің трактор бригадаларында тракторшылар тамақтанған уақытта тракторлар тоқтап тұратын болған. Мұның өзі бірсыпыра трактор жұмыс сағатының босқа өтуіне себеп болуда. Егер тракторшылар тамақтанған кезде екінші сменадағы тракторшылар оларды ауыстырған болса, онда агрегаттың бір сменада еңбек өнімділігі кемінде 10 процент артқан болар еді.

Еңбек ұйымдастыруда мұндай кемшіліктердің орын алуын көптеген МТС-тердің басшылары мен мамандарының еңбек ұйымдастырудың озат әдістерін көпшілік игілігіне айналдырмауынан деп түсіну керек. Әлі күнге дейін облыс МТС-терінде жұмысты сағаттық график бойынша ұйымдастыру сияқты озат әдіс кең өріс алған жоқ.

Тракторлардың тоқтаусыз жұмыс істеуі үшін машиналарға техникалық күтімді және көмекті кезінде жүргізіп отырудың маңызы ерекше зор. Машинаға ең жиі жасалатын техникалық күтім— сменалық техникалық күтім болып табылады. Сменалық техникалық күтімде тракторлардың бөлшектері майланады. Мотордың жұмыс істеуі тексеріледі. Трактордың ауа тазартқышының жұмыс істеуі байқалады. «С—80» тракторы бір жұмыс сағаты ішінде 320 текшеметр ауа жұтады. Егер әрбір текшеметр ауа мен 0,2 грамм шаң кетсе, онда двигательдің цилиндріне бір сағатта 64 грамм шаң кетеді. Мұның өзі двигательдің цилиндрі мезгілінен бұрын істен шығуына және жанар майдың артық жұмсалуына себеп болады. Сондықтан двигательдің ауа тазалағышын смена сайын байқап, оны майлап отыру керек. Жекелеген механизаторлар тракторлардың кейбір бөлшектерінің белгіленген мерзімінен әлде қайда көп жұмыс істеуіне жетісіп жүр. Өткен жылы Петропавл МТС нің механизаторлары «ДТ—54» тракторының ауа тазалағышының шаңды аз жұтуына жетісті. Ол үшін механизаторлар ауа сорғыш қолпакты трактор кабинасынан 200 миллиметр жоғары көтерді.

Двигательдің бірқалыпты температурада жұмыс істеуі де еңбек өнімділігін арттырады. Егер двигательде жылылық мөл болса, онда трактордың күш- қуаты аз-ғайып, жанар май мөлшерден артық жұмсалады, поршеньді шатундардың тез қатардан шығуына әкеліп соғады.

Мұндай кемшіліктерді болдырмау үшін трактор бригадаларында техникалық күтімді дұрыс жолға қою керек. Смена ауысар кезінде тракторға техникалық күтім жасалынып, бұл іске екі сменадағы тракторшылар мен тіркеушілер және трактор бригадасының бригадирі немесе оның көмекшісі қатысуға тиіс. Бұл кезде механизаторлар жұмысты бөліп алып атқарулары керек. Тракторшылар бөлшектердің босаған винттерін қатайтып бұрауға, ауа тазалағыштың майын ауыстыруға, трактор бөлшектерін майлауға тиіс. Ал, тіркеушілер тіркеу саймандарына техникалық күтім жүргізеді. Содан кейін тракторларды тазалау ісінде тракторшыларға көмектеседі. Ал, бригадир немесе оның көмекшісі двигательдің жұмысын тексереді. Егер қажет деп тапса механизмдерді тәртіпке келтіреді. Жұмысты мұндай бөліп істеу және бір- біріне көмектесу техникалық күтімді тез әрі сапалы өткізуге, сменадағы тракторшының өнімді еңбек етуіне қолайлы жағдай жасайды.

Облыс МТС- терінің бірқатар трактор бригадаларында техникалық күтім жасау ісіне ерекше көңіл бөлінген. Мысалға Ворошилов атындағы МТС- тің Грицинич жолдастың басқаруындағы трактор бригадасын алуға болады. Бұл бригадада әрбір смена сайын тракторларға техникалық күтім жүргізіліп тұрады.

Тракторлардың еңбек өнімділігін арттыру үшін машиналардың жұмыссыз босқа тұруын жою керек. Көптеген МТС-терде дала жұмыстары басталғалы аз уақыт өтсе де бірсыпыра трактор жұмыс сағаты босқа өтуде. Куйбышев атындағы МТС-те түрлі себептермен май айының екінші онкүндігінде тракторлардың жұмыс уақытының 52 проценті босқа өткен. Осының салдарынан бұл уақыттың ішінде барлық тракторшылардың үштен екі бөлегі сменалық тапсырмаларын орындай алмаған. Мұндай кемшіліктер Вильямс атындағы, Николаев және тағы басқа бірнеше МТС- тер де бар. Тракторлардың босқа тұруына негізгі себептер біріншіден, тракторларға техникалық күтімнің уақытылы жүргізілмеуі; екіншіден, тракторлардың өнімді жұмыс істеуіне колхоз, МТС басшылары тарапынан нақтылы жағдайлар жасалмауы болып саналады. Егер бұл кемшіліктерді жоятын болсақ онда облыста трактор паркінің еңбек өнімділігін екі есе арттыруға болады.

Трактор паркінің еңбек өнімділігін еселеп арттыру үшін алдымен әрбір трактор бригадасының жұмысты сағаттық график бойынша істеуіне жетісу керек. Сонда ғана әрбір трактордың тәулік бойы жұмыска өнімді пайдаланылуын қамтамасыз етеміз.

Осы уақытқа дейін жұмысты сағаттық график бойынша істеу сияқты озат әдістің кеңінен қолданылмағандығын, көптеген МТС басшыларының бұған көңіл бөлмей келгендіктерінен деуіміз керек. Көп жерлерде жекелеген агрегаттардың ғана сағаттық график бойынша жұмыс істеуі ұйымдастырылып жүр. Ал, олар бригаданың басқа мүшелерінің де (су, жанармай, тұқымдық дән тасушылар) сағаттық график бойынша жұмыс істеуіне мән бермейді. Бұл агрегаттың сағаттық график бойынша еңбек етуіне кері әсерін тигізеді. Бригадаларда сағаттық графикті дұрыс қолдану үшін механизаторлардың және трактор бригадаларын қамтыйтын колхозшылардың сағаттық график бойынша жұмыс істеуіне көңіл бөлу керек. Мұнымен бірге, уақытты жұмыстың тür- түріне, операциясына қарай бөлу қажет.

Трактор бригадаларында еңбек өнімділігін еселеп арттырған жағдайда ғана ауылшаруашылық жұмыстарын көрсетілген мерзімде өткізуге, егіннен мол өнім алынуын қамтамасыз етуге, егіннің қысқа мерзімде сапалы жыйналуына, пар мен зябтың агротехникалық ережелерге сәйкес кезінде жыртылуына жетісуге болады.

Партиямыз бен үкметіміз МТС-терге ауылшаруашылық жұмыстарының барлық түрін ойдағыдай өткізуге толық мүмкіншілік жасап отыр. Енді мәселе трактор паркінің күшін дала жұмыстарына неғұрлым өнімді пайдалануда, машина- трактор станцияларының жұмысындағы кездескен кемшіліктердің қандайын да болсын дереу жойып отыруда, сөйтіп, еңбек өнімділігін еселеп арттыруда болып отыр. Сонда ғана біз облыс колхоздарының экономикасын нығайтып, колхозшылардың әл- ауқат мәдени дәрежесін жақсарту ісіне келелі үлес қосамыз.

Инженер А. РОСТОВЦЕВ,

Қазақ ССР ауыл шаруашылығы министрлігінің МТС және механизация басқармасы бастығының орынбасары.

Агроном Я. САЛЕНКО,

Облыстық ауылшаруашылық басқармасы бастығының орынбасары.

К. Е. Ворошилов жолдастың Венгер еңбекшілер партиясының Үшінші съезінде сөйлеген сөзі

Қымбатты жолдастар!

Менің Совет Одағының Коммунистік партиясы мен совет халқының атынан сіздердің съезіңізге және сіздер арқылы Венгер еңбекшілер партиясы мен бүкіл венгер халқына туысқандық жалынды сәлем тапсыруыма рұқсат етіңіздер! **(Ұзақ қолшапалақтау).**

Венгер еңбекшілер партиясының III съезі еркін халықтық демократиялық Венгрияның өмір сүруінің 10-шы жылының бас кезінде жыйналып отыр. Бұл жылдардың ішінде венгер халқы өзінің еңбекшілер партиясының басшылығымен жаңа, еркін тұрмыс орнатуда Венгрияның бейнесін түбірімен өзгерткен зор табыстарға жетті. Венгер халқының табыстары халықтық демократия құрылысының — жұмысшы табы бастаған еңбекшілер бұқарасы ұкметінің өмірлік ұлы күшінің айқын айғағы болып табылады.

Міне, бұған байланысты бұрын езілген, тәуелді және артта қалған жартылай феодалды ел болған Венгрияның таяуда ғана бастан өткізген өмірін еске түсіру орынды болар еді. Венгер халқы 400 жылдан аса уақыт бойы ұлттық өмірлік күштерін тұншықтырған шетелдік басқыншылардың кіріптарлығында болып келді. Бостандық сүйгіш венгер халқы өзінің ұлт азаттығы үшін, өз отанының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ғасырлар бойы қажырлы күрес жүргізді. Венгер жерінде оның таңдаулы ұлдарының —осы қасиетті азаттық күресі батырларының қаны көп төгілді. Ұлы Шандор Петефи жүрегі қатты тебіреніп, былай деп жазған болатын:

«Төгілмей венгер қаны аман қалған
Бар ма екен бір сүйем жер Венгрияда?»

Дүниежүзілік бірінші соғыстан кейін Венгрия формалдық жағынан дербес мемлекетке айналды. Бірақ, бұл венгер халқын шетелдік тәуелділіктен азат етпеді. Венгер халқы ұлттық және әлеуметтік азаттық жолындағы өзінің қаһармандық күресін онан әрі жүргізді. Бірақ, Венгрияның ол кездегі қожайындары — барондар мен капиталистер шетелдік интервенттердің көмегімен 1919 жылғы венгер пролетарлық революциясын қанға батырып, тұншықтырды. Венгрия ірі империалистік державаларға кіріптарлықпен тәуелді болды, ал олардың мүдделері венгер халқының мүдделеріне мүлде қарама-қарсы болған еді. Олар елдің экономикасы мен мәдениетін өркендетуді барынша бөгеп, өздерінің қыртқыштық мақсаттары үшін бұл елдің артта қалуын мәңгі сақтауға тырысты.

Венгер халқы хортилік кәсіптің қаратүнек жылдарын, венгер помещиктері мен капиталистері шетелдік империалистермен сыбайласып, өзін қанаған және езген қанкүйлы фашистік диктатура жылдарын ешуақытта да ұмытпайды. Венгрия ол кезде халық бұқарасы жаппай жұмыссыз қанаушылық пен езушілік тәртібі болған, жұмыссыздық пен «адамдар саудасының» жантүршігерлік сұмдықтары болған ескі Венгрия, жұмыс іздеп бүкіл елді кезген «үш миллион қайыршылар» Венгриясы енді келмеске кетті.

Тарихи қысқа мерзім ішінде Венгрия бұрынғы артта қалған аграрлы елден өркендеген социалистік өнеркәсібі мен алдыңғы қатарлы мәдениеті бар елге айналды.

Кәзір, халықтық демократиялық Венгрия жоғары өркендеген өнеркәсіпке ие болып отырған кезде, еңбекшілердің үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени тілектерін барынша толық қанағаттандыруға қамқорлық жасау, өз халқының шын мүдделерін білдіретін әрбір партия үшін жоғары заң болып табылатыны сыяқты, Венгер еңбекшілер партиясы үшін де жоғары заң болып табылатынын есте ұстай отырып, ең қысқа мерзім ішінде еңбекшілердің тұрмыс дәрежесін онан әрі едәуір арттыруға қажетті мүмкіндіктердің бәрі бар.

Венгер еңбекшілер партиясы ауыл шаруашылығын мықтап өрге бастырмайынша, бұл міндетті шешуге болмайды деп дұрыс санап отыр.

Ұлы Ленин былай деп үйреткен болатын: әрбір кезеңде оқыйғалардың тарихи желісінің айырықша буынын таба білу керек, «бүкіл желіні ұстап қалу үшін және келесі буынға өтуге нық дайындалу үшін сол буынған бар күшпен мықтап ұстау керек».

Кәзіргі уақытта Венгрияның экономикасын өркендетудің осындай шешуші буыны халықты азық -түлікпен, ал жеңіл өнеркәсіпті —қажетті шикізатпен қамтамасыз ететін ауыл шаруашылығын өрге бастырып, жан- жақты өркендету болып табылады. Бұл зор және күрделі міндетті шешуге Венгрия еңбекшілерінің барлық топтары бар ынтасымен мүделі болып отыр. Бұл —бүкілхалықтық іс.

Ауыл шаруашылығын өркендетудің Венгер еңбекшілер партиясы таяудағы жылдарға белгілеген программасы халық шаруашылығының бұл саласындағы прогрестің негізі болып табылатын өндірістік -ауылшаруашылық кооперативтерін ұйымдық- шаруашылық жағынан онан әрі нығайтып, өркендетуді және сонымен бірге ауылшаруашылық өндірісін ұлғайту мақсатымен еңбекші жеке шаруалардың мүқтаждарына қамқорлық жасап отыру қажет екенін есте ұстауды көздейді. Міне, мұның бәрі жұмысшылар мен шаруалар одағын жұмысшы табының басшылығымен бұрынғыдан да гөрі нығайта түседі.

Венгер еңбекшілер партиясының алдында тұрған жаңа міндеттердің оңай емес екенін біздің бәріміз де түсінеміз, бірақ, сіздердің партияңыздың барлық қыйыншылықтарды жеңіп шығатындығында күмән жоқ, өйткені ол белгілеген

Совет халқы 1919 жылы Венгрияда пролетарлық революцияның жеңгені және Совет өкметінің орнатылғаны туралы хабарды асқан зор шаттықпен және күнышпен қарсы алды. Ұлы Ленин Советтік Россияның атынан венгер жұмысшыларына арнаған үндеуінде былай деп жазды:

«Сіздер бірден -бір заңды, әділетті, шын мәнісінде революциялық соғысты, езілгендердің езушілерге қарсы соғысын, еңбекшілердің қанаушыларға қарсы соғысын, социализмнің жеңісі жолындағы соғысты жүргізіп отырсыздар. Бүкіл дүние жүзінде жұмысшы табындағы нелер адалдықтың бәрі сіздердің жағыңызда».

Шетелдік интервенттер мен венгер реакциясының біріккен күштері ол кезде Венгер Совет Республикасын тұншықтырған болатын. Бірақ, олар бостандық сүйгіш венгер халқының жігерін мұқата алмады, өйткені, венгер халқы отандық және шетелдік езушілерді лақтырып тастап, өз елінің қожасына айналатын күннің туатынына берік сенді. Міне, бұл күн туды да.

Жаңа халықтық Венгрия туған уақыттан бері халықтарымыз арасындағы достықтың жаңа тарихи кезеңі басталды, бұл достықтың мазмұны мүлде жаңарды. Бұл достық пролетарлық интернационализм принципіне, бір-біріне көмектесуді, сөйтіп экономиканы жаппай өркендетуге жетуді көздеген шын ниетті тілекке негізделген.

Халықтардың праволарын құрметтейтін өз саясатынан айнымайтын Совет Одағы дүниежүзілік екінші соғыс аяқталғаннан кейін Венгриямен бірінші болып дипломатиялық қатынастар орнатты және оның тәуелсіздігі мен мемлекеттік суверенитетін батыл қорғап, Венгрияның ішкі істеріне араласуға және оған әділетсіз бітімді қабылдатуға тырысқан империалистік блоктың әрекеттеріне батыл қарсы шықты.

1948 жылғы февральда Венгрия мен Совет Одағы арасындағы достық қатынастар, достық, ынтымақ және өзара көмек туралы договормен бекітілді, бұл договор мемлекеттік тәуелсіздік пен ұлттық суверенитет принциптерін құрметтеуге негізделген және ол халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігінің ісіне қызмет етіп отыр. Договорға қол қойылғаннан кейінгі 6 жылдың ішінде біздің елдеріміз арасындағы туысқандық достық пен одақ бұрынғыдан да гөрі нығая түсті, Венгрия мен Совет Одағы арасындағы ынтымақ бұрынғыдан да гөрі тығыз ынтымаққа айналды.

Біздің елдеріміз арасындағы экономикалық байланыстар жылма -жыл ұлғайып келеді. Совет Одағы мен Венгрия арасындағы жасалған экономикалық ынты-

Одағының еңбекшілерін және венгер халқының шын пейілді барлық достарын мейлінше қуантып отыр. Бұл әбден түсінікті де. Совет Одағының, Қытай Халық Республикасының және халықтық демократия елдерінің арасындағы қатынастар—бұл туысқандық достықтың, бір-бірін құрметтеудің, бір-біріне сенудің және бір-біріне үнемі көмектесіп отырудың қатынастары **(ұзақ қолшапалақтау).** Бұл қатынастардың негізі үлкенді-кішілі халықтардың теңділік принципі болып табылады, бұл принцип күштілер әлсіздерді кіріптарлыққа ұшырататын капиталистік принциптен түбірімен өзгеше.

Бейбітшіліктің, демократияның және социализмнің ұлы лагеріндегі халықтардың өркайсысы өз бауырларының табыстары мен жетістіктерін орынды мақтан етіп, мұны өз табыстары мен жетістіктері деп қарайды. Адамзат тарихында бұған дейін әлі болып көрмеген мемлекеттер арасындағы қатынастардың осы жаңа кезеңі бейбітшілік, демократия және социализм лагеріндегі елдердің капиталистік дүниеден саяси және техникалық-экономикалық жағынан тәуелсіз болуын қамтамасыз етеді, сонымен бірге, туысқан халықтардың өркайсысының ойдағыдай алға басуының сенімді кепілі болып табылады.

Демократиялық лагерьдегі халықтардың барған сайын нығайып отырған достығы— бұл лагерьдің күштілігі мен жеңілмейтіндігінің сарқылмас қайнар бұлағы.

Бейбітшіліктің қуатты лагеріне біріккен демократия мен социализм елдері Ленин мен Сталин жариялаған бейбітшілік саясатын дәйектілікпен жүргізіп, бұл саясатты жер шарындағы барлық халықтар ең жалынды тілектестікпен қарсы алып, қолдап келеді. Бұл бейбітшілік саясаты социалистік және капиталистік системалардың ұзақ уақыт қатар өмір сүруі мүмкін екендігіне және барлық елдер арасында біркалыпты қатынастар мен іскерлік байланыстар орнатуға болатындығына сүйенеді.

Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы Совет Одағының ұсыныстары, сонымен қатар, Қытай Халық Республикасының делегациясы Женева кеңесінде еңгізген Азия халықтарының бейбітшілікті қорғау ісіндегі ынтымағы туралы ұсыныстар барлық бейбітшіл халықтардың сеніміне ие болған бұл саясаттың айқын бейнесі болып табылады.

Жаңа соғыс бастау идеясымен есуаңтаған империалистік реакцияның күштері халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдетуге барынша кедергі жасап, соғыс блоктерін құруда, онан әрі жанталаса қаруланып, Батыс Германия мен Жапонияны ремилитарландыру әре-

сының III съезі партия мен бүкіл венгер халқының өміріндегі зор және маңызды мәселелерді шешіп, елдің экономикасын өркендетудің, ауыл шаруашылығын өрге бастырудың, жұмысшы табы мен шаруалар одағын нығайтудың және еңбекшілердің тұрмыс дәрежесін арттырудың мұнан былайғы міндеттерін белгілегелі отыр.

Жаңа Венгрияның тұрмысында Венгер еңбекшілер партиясының басшылығымен өз жұмысын белсене өрістетіп отырған кәсіподақтар, еңбекші жастардың Одағы және басқа бұқаралық ұйымдар үлкен орын алуда. Менің венгер әйелдерінің ролі туралы ерекше айтқым келеді, олардың алдында халықтық демократиялық құрылыс жағдайында өз қабілеті мен талантын көрсету үшін барлық мүмкіндіктер ашылып отыр. Еркін Венгрияның әйелдері, өздерінің Совет Одағындағы, Қытайдағы, барлық халықтық демократия елдеріндегі апа -сіңлілері сыяқты, орасан зор игілікті және мәдени күш болып табылады. Міндет мынада: Венгрияда шаруашылық және қоғамдық -саяси тұрмыста әйелдердің ролін бұрынғыдан да жоғары көтеріп, оларды басшы қызметтерге батыл жоғарылатып, халықтың алдында тұрған өмірлік маңызы бар мәселелерді шешуге кеңінен қатыстырып отыру керек **(қолшапалақтау).**

Венгер Халық Республикасының шаруашылығы мен мәдениетін өркендетудегі табыстар венгер халқының Венгер еңбекшілер партиясының төңірегіне топтасқандығының және өзінің саясаты еңбекшілердің өмірлік мүдделеріне сай келетін шын мәнісіндегі халықтық партия болғандықтан, бұл партияға деген сенімнің көлемі артып отырғандығының айқын айғағы болып табылады. Халықты партияның төңірегіне онан әрі топтастыру, оның бұқарамен байланысын ұлғайтып, нығайта беру сіздердің съезіңіздің қарарларын жүзеге асыру жолында ойдағыдай күресу үшін партия мен халықтың күштерін бұрынғыдан да гөрі еселеп арттырады.

Совет Одағының Коммунистік партиясының жарты ғасырдан аса уақыттан берігі тәжрибесі, көптеген басқа туысқан партиялардың тәжрибесі сыяқты, былай деп үйретеді: партияның халықпен бірлігі, партия қатарының мызғымас бірлігі мен топтасқандығы партияның беріктігі мен жеңілмейтіндігінің негізі болып табылады. Венгер еңбекшілер партиясының алдында тұрған социалистік құрылыстың кәзіргі міндеттері, Ленин белгілеп берген және Совет Одағының Коммунистік партиясы ұлы Сталиннің басшылығымен ілгері дамытқан партиялық құрылыстың принциптері мен партия тұрмысының нормаларын дәйектілікпен жүзеге асыру негізінде барлық партия ұйымдарының және партияның әрбір мүшесінің белсенділігі

Сталиндік стипендиат

Петропавл қаласындағы К. Д. Ушинский атындағы оқытушылар институтының екінші курсының студенткасы Екатерина Посохинаны институт коллективі орынды мақтан етеді. Белсенді қоғамшыл, оқу озаты Екатерина өзінің ғылым негіздерін меңгеруге деген ыгілікті талабымен, осы мақсатты орындау жолындағы қажырлы еңбегімен құрметке ие болды.

Екатерина Посохина оқытушылар институтына 1952-1953 оқу жылында келіп түскен болатын. Бұған дейін, ол орта мектепті бітіргеннен кейін, Көкшетау облысындағы Всеволод жетіжылдық мектебінде оқу ісін меңгеруші болып істегенді. Коммунизмнің болашақ құрылысшылары жас ұрпақтарды тәрбиелеуге деген сүйіспеншілік Екатеринада осы мектепте істеп жүргеннен бастап-ақ туған еді.

Өз қатарының үлгілісі болу Екатерина-ның ежелгі қасиеті болатын. Сондықтан да ол институтқа келген алғашқы күннен бастап-ақ ғылым негіздерін терең және жан-жақты меңгеруге қызу кірісті. Сөйтіп, ол оқу жылының бірінші семестрін барлық пәннен «5» деген бағамен аяқтады.

Екатерина Посохина жолдас институттың қоғамдық өміріне белсене қатысатын озат студент. Ол ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы кезінде сайлаушылар арасында үгітші болып істеп, зор жұмыстар атқарды. Сонымен бірге, ол студенттер арасында үгіт-бұқаралық жұмысын жүргізуде және сабақты нашар үлгеруші жолдастарына көмектесуде де ыгілікті жұмыстар істеп жүр. Екатеринаның жолдастық көмегі арқасында ертедегі славян тілі, марксизм- ленинизм негіздері сабағынан нашар үлгеріп жүрген Лихачева сыяқты студенттер кәзір сабақты жақсы үлгерушілер қатарына қосылды.

Институт дирекциясы озат студенттің сабақ үлгерім көрсеткіштері мен қоғамдық жұмыстарын жоғары бағалап, оны сталиндік стипендияға ұсынған болатын. Қазақ ССР Оқу министрлігі институт дирекциясының бұл ұсынысын бекітті.

Сталиндік стипендиат Екатерина Посохина кәзір мемлекеттік емтиханға дайындалып жүр. Жуырда институт партия ұйымы оны Совет Одағы Коммунистік партиясының мүшелігіне кандидат етіп алды.

Н. ОМАРОВ.

Мектеп тәжрибе участогі

Киров жетіжылдық мектебінің оқытушылар коллективі мен оқушылары мектеп іргесінде бос жатқан аланда тәжрибе участогін жасауға көп еңбек сіңірді. Сөйтіп, быйылғы көктемде бұл участокке бірінші рет егіс екті.

Жас натуралистер көктемгі егіс жұмыстарына ерте бастан жоспарлы түрде әзірленді. Ал, колхоз участоктің жерін жұмыстау үшін құрал- сайман және көлік берді.

Жас натуралистер участокті деркезінде, агротехникалық ережелерге сәйкес жұмыстап, картопты және овощты шаршы- ұялап отырғызды. Участокте ауыс-

ей ретінде мәлім болды.

Елдің ұлттық мүдделеріне қарамастан, венгер халқының еркі мен тілегіне қарамастан, Венгрияны қарақшылық гитлерлік блокке қатыстырған хортишілдердің халыққа дұшпан тобы Венгрияны Совет Одағына қарсы қылмысты соғысқа кіліктірді, сөйтіп, Венгрияны ұлттық апатқа душар етті. Осы ұлттық апаттан венгер халқын қаһарман Совет Армиясы қорғап қалды **(ұзақ қолшапалақтау).**

Совет Одағының Қарулы Күштері кескілескен қатал ұрыстарда Венгрияны оккупациялаған неміс -фашист әскерлерін талқандап, 1945 жылғы 4 апрельге дейін венгер жерін гитлершіл басқыншылардан толық азат етті. Бұл күн венгер халқының шын мәнісіндегі бостандығы туған күнге, оның тарихи тағдырындағы түбірлі бетбұрыстың бастамасына айналды **(қолшапалақтау).**

Лениннің ісін алға апарушы ұлы Сталин, Совет Одағының халықтары гитлерлік Германияға және оның сыбайластарына қарсы жүргізген соғыстың әділетті азаттық сыйпатын көрсете келіп, былай деген болатын:

«Біздің бұл соғысымызда Европаның біздің көмек күткен, құлдыққа түскен славян халықтарына және басқа да халықтарына айтқанымызды істетіп, өзіміздің тәртібімізді орнату мақсаты жоқ және кедай мақсаттардың болуы мүмкін де емес. Біздің мақсатымыз Гитлер зорлығына қарсы осы халықтардың азаттық күресіне көмектесу, содан кейін олардың өз жерінде өз қалауынша тіршілік етуіне толық бостандық беру. Басқа халықтардың ішкі істеріне ешбір қол сұғушылық болмайды!»

Шынында да елді гитлершіл оккупантар мен олардың құйырпықтарынан азат ету нәтижесінде венгер халқы өзінің көп ғасырлардан бергі тарихында тұңғыш рет өз отанының тағдырын дербес шешуге мүмкіндік алды. Оның ұлттық тәуелсіздікті, еркін және бақытты тұрмысты көксеген ғасырлардан бергі арманы жүзеге асты.

Помещиктер мен капиталистердің экономикалық және саяси үстемдігін жойып, шетелдік капиталдың өктемдігінен толық азат етілген венгер халқының алдында экономика мен мәдениетті өркендетудің өз тарихында болып көрмеген зор мүмкіндіктері ашылды. Өзінің еңбек сүйгіштігімен, табандылығымен, шеберлігімен көзге түсетін даңқты венгер халқы халықтық өкмет жылдарында орасан зор табыстарға жетті.

Маркстің —Энгельстің —Лениннің — Сталиннің туы астында халықтың таңдаулы күштерін топтастырған Венгер еңбекшілер партиясы елді жаңа қоғамдық құрылыс орнату жолымен, социализм орнату жолымен алға бастады.

[illegible] мүдделеріне сай келеді және олар бұл шараларды толығымен қолдап, қарсы алуда.

Халық шаруашылығы мен мәдениетті онан әрі өркендету жолындағы, социализм негіздерін орнату жолындағы өз күресінде венгер халқы жалғыз емес. Ол социализм орнатып жатқан барлық халықтар тарапынан туысқандық қолдауға, Совет Одағының халықтары тарапынан көрсетілген туысқандық көмекке сүйеніп келді және бұдан былай да сүйене береді **(Ұзақ қолшапалақтау).**

Совет Одағының халықтары мен венгер халқы өз тарихында, өз бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресінде бірбіріне талай рет көмектескен болатын.

Таяуда өткен уақыттың өзінде орыстар мен венгерлер Шығыс Европаның басқа халықтарымен бірге монгол тобырларының шабуылдарына тойтарыс берді. XVIII ғасырдың бас кезінде, габсбургтердің отаршылдық тепкісіне қарсы бағытталған венгерлердің ұлт- азаттық қозғалысы кезінде Россияның көптеген солдаттары мен офицерлері көтеріліс жасаған венгер халқының жағында жауға қарсы шайқасты.

Халық батырлары Кошуттың, Петефидің, Танчичтің және басқаларының басшылығымен, 1848—1849 жылдардағы революцияның даңқты күндерінде шетелдік және отарлық езушілерге қарсы күреске аттанған венгер халқын Россияның барлық алдыңғы қатарлы адамдары қызу құттықтаған болатын. Революциялық қозғалыстың дамуынан зәресі ұшып қорыққан «Европаның жандармы» орыс патшасы Николай I австрия езушілерінің венгер халқының қаһармандық көтерілісін басып, түншықтыруына көмектесті. Орыс халқының шын мәнісіндегі өкілдері —орыстың тамаша адамдары Герцен, Чернышевский сыяқты революциашыл демократтар, сол кездегі орыс қоғамының алдыңғы қатарлы бөлегінің сезімін білдіре отырып, орыс царизмінің венгер халқы жөніндегі осы сұрқылық әрекетін кекті ызамен мазаралаған болатын. Венгер халқының азаттық күресіне патша армиясының солдаттары мен офицерлерінің кейбір белгі де тілектестік білдірген. Капитан Гусев бастаған біртоп орыс солдаттары мен офицерлерінің венгер революциясын басып түншықтыруға катысудан бастартқаны, олардың сотқа берілуі, дарға асылғаны жұртқа мәлім.

Россия мен Венгрия халықтарының достығы Ұлы Октябрь социалистік революциясы жылдарында ерекше күшпен айқын бейнеленді. Мыңдаған венгерлердің Қызыл Армияның қатарында жауға қарсы шайқасқанын және олардың көбі дүние жүзіндегі тұңғыш Советтер Республикасын қорғау жолында өздерінің өмірін қыйғанын совет адамдары ешуақытта да ұмытпайды **(қолшапалақтау).**

[illegible] терінде сүйеніп жасалғаны және бұл келісімдердің елдеріміздің экономикасын өркендетуге жемісті әсерін тигізіп отырғаны жұртқа мәлім. Совет адамдары ССРО-ға келіп жатқан венгер өнеркәсібінің буйымдарын: теңіз және өзен кемелерін, паровоздарды, локомобильдерді және көпшілік тұтынатын көптеген товарларды жоғары бағалауда. Совет жағынан берілін отырған буйымдар —Венгрияның жаңадан салынып жатқан заводтары мен фабрикаларына керекті машиналар мен жабдықтар көлемі жылдан- жылға артып, Венгрияның өсіп отырған өнеркәсібіне керекті шикізат көп берілуде. Венгрия мен Совет Одағы арасындағы сауда айналымы 1953 жылы, 1946 жылмен салыстырғанда, 14 есе артты.

ССР Одағы мен Венгер Халық Республикасының өзара товарлар алысып-берісуі туралы 1952 жылы қол қойылған ұзақ мерзімді сауда келісімі, сонымен қатар, 1952—1955 жылдары Венгрияға комплектілі кәсіпорындардың жабдықтарын беру және техникалық көмек көрсету жөніндегі келісім Венгрияның экономикалық байланыстарын онан әрі ұлғайту ісіне қызмет етуде.

Совет Одағы мен халықтық демократия елдерінің экономикалық ынтымағын өркендету, шаруашылық жоспарларын келісіп алу негізінде, табиғи байлықтар мен материалдық ресурстарды ортақ мүдделер үшін неғұрлым тиімді және қолайлы пайдалануға, сонымен қатар, халықтық демократия елдерінде, оның ішінде Венгер Халық Республикасында да социализм негіздерін ойдағыдай орнату мақсатымен, Совет Одағының социалистік құрылысының тәжрибесі мен техникалық табыстарын пайдалануға мүмкіндік беріп отыр.

Соғыстан кейінгі жылдарда Совет Одағы мен Венгрия арасында мәдениет саласында да достық байланыстар нығая түсті. Ференц Листің, Шандор Петефидің, Михай Мункачидің және венгер халқының басқа да кемеңгер ұлдарының даныш-пандық шығармаларын Совет Одағында жақсы біледі және жоғары бағалайды. Венгер классиктері мен кәзіргі жазушыларының кітаптары Совет Одағында ССРО халықтарының ондаған тілдерінде көптеген тиражбен басылып шығуда,біздің елімізде венгер искусствосының шығармалары кеңінен мәлім болып, зор сүйіспеншілікпен пайдаланып отыр **(қолшапалақтау).** Талантты венгер жазушылары Тамаш Ацел мен Шандор Надьтың шығармаларына Сталиндік сыйлықтар берілді. **(қолшапалақтау).**

Венгер халқы өз отанының игілігіне жемісті еңбек етіп, бейбітшілік, демократия және социализм лагерін нығайту ісіне бағалы үлес қосуда. Халықтық демократиялық құрылыстың капитализмнен артықшылықтарын өте айқын көрсетіп отырған сіздердің табыстарыңыз бен жетістіктеріңіз біздің партиямызды, Совет [illegible] на қарсы соғыс әзірлеу тіректерін құруға тырысуда.

Совет Одағының және бейбітшілік лагеріндегі барлық елдердің бейбітшіл саясатына агрессияшыл топтар халықаралық қатынастарда «күш жұмсау» саясатын, өрескел қысым жасау және қорқыту саясатын қарама- қарсы қойып отыр. Бірақ, бұл мырзалар еркін халықтарды қорқытуға тырысқан өз әрекеттерінің мүлде үмітсіз және күлкі боларлық әрекет екенін, ерте ме, кеш пе түсінуге тиіс болады.

АҚШ империалистік монополиелерінің дүние жүзіне үстемдік орнатуға тырысқан қоқан -лоққысы жер шарының барлық бөлектерінде халық бұқарасының заңды ашу- ызасын тудырып отыр. Бүкіл дүние жүзінің халықтары соғысты тілемейді. Халықтардың бейбітшілік жолындағы күресі барған сайын күшті және кеңінен өрістетілуде.

Соңғы уақытта халықаралық шиеленіс біраз бәсеңдетілді. Бірақ, біз осы ілгері басқандықтың маңызын асыра бағалауға тиіспіз. Бейбітшілік жаулары тыным таппай отыр, олар өз мақсаттарынан бастартқан жоқ, олар дүние жүзіне су тегі бомбасын жұмсаймыз деп ашықтан-ашық қыр көрсетіп, соғыс базаларын ұлғайтуда, адамдарды жаппай қырып жоятын қарулардың запасын молайтуда.

Міне, сондықтан барлық бейбітшіл күштердің міндеті —соғыс өртін тұтандырушылардың тіміскілеген әрекеттерін, олардың қылмысты жоспарларын тынбастан әшкерелеп отыру, бейбітшілік жаулары тарапынан соғысқа арандату әрекеттерінің қандайына болса да жол бермеу мақсатымен өздерінің қырағылығы мен ұйымшылдығын арттыра беру болып табылады.

Жолдастар! Венгер еңбекшілер партия- [illegible]

Партиялық басшылықтың жоғары принципі, деп ұйретеді ленинизм, барлық партия ұйымдарына төменнен жоғарыға дейін басшылық етудің коллективтілігі болып табылады. Маркстік -лениндік теорияның ғылми негізіне сүйенетін басшылықтың коллективті болуы ғана және сын мен өзара сынды кеңінен өрістету ғана партияны тоқырап тұрып қалушылықтан, жайбарақаттықтан, қабылданатын қарарларда кездейсоқтық және біржақтылық жағдайдан сақтандырады. Сын мен өзара сын нақты, пәрменді болғанда ғана, партия мүшелері, ешкімнің бетжүзіне қарамастан, кемшіліктерді батыл ашып, оларды жоюға көмектескенде ғана сын мен өзара сын көздеген мақсатқа жеткізеді. Мұның өзі партия кадрларының кең инициатива жасауын қамтамасыз етеді, партия қатарын нығайтып, топтастыруға, партияның алдында тұрған міндеттерді ойдағыдай орындауға көмектеседі.

Бұл съездің қарарлары Венгер еңбекшілер партиясының қатарын бұрынғыдан да гөрі нығайта түседі, оның жауынгерлік қабілетін арттырады, сөйтіп, халықтық демократиялық Венгрияның халық шаруашылығы мен мәдениетінің барлық салаларын жаңадан өрге бастырудың съезд белгілейтін жауынгерлік программасын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді деп біз сенеміз. Сіздердің съезіңіздің өз халқының игілігіне жемісті жұмыс істеуін шын жүректен тілейміз! **(Ду қолшапалақтау).**

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті Венгер еңбекшілер партиясының III съезіне мынадай құттықтау жеткізуді біздің делегациямызға тапсырды:

Венгер еңбекшілер партиясының Үшінші съезіне

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті Венгер еңбекшілер партиясының III съезіне туысқандық сәлем жолдайды **(ду қолшапалақтау. Бәрі де орындарынан тұрды).**

Венгер еңбекшілер партиясының басшылығымен венгер халқы халықтық демократиялық құрылысты нығайтуда зор табыстарға жетіп, социализм орнату жолында сеніммен алға басып келеді.

Социализмнің негіздерін орнату жолындағы, ауыл шаруашылығын өркендетіп, жұмысшы табы мен шаруалар одағын нығайту жолындағы, еңбекшілердің материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін үнемі арттыру жолындағы күресте Венгер еңбекшілер партиясының жаңа табыстарға жетуін шын жүректен тілейміз.

Венгрияның жұмысшы табы мен барлық еңбекшілерінің ұйымдастырушысы және басшысы —Венгер еңбекшілер партиясы жасасын! **(Ду қолшапалақтау. Бәрі де орындарынан тұрды).**

Венгрия мен Совет Одағының халықтары арасындағы мызғымас достық жасасын!

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті.

(Ұзақ, ду қолшапалақтау. Бәрі де орындарынан тұрды). Залдағылар Совет Одағының Коммунистік партиясының құрметіне, совет және венгер халықтары арасындағы достықтың құрметіне овация жасады. «Ура!», «Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!» деген ұрандар айтылды).

[illegible] дық түлдер мен көркеткіш және жеміс ағаштарының, мал азығындық шөптердің 500-ге жуық түрі егілді. Тұқым себерден бірнеше күн бұрын яровизацияланды, ауа жылуымен жылытылды, тұқым тоғыспалы және тарқатарлы әдіспен себілді.

Жас натуралистер отырғызылған ағаштар мен овощтарды және егілген дәнді дақылдарды баптап- күтіп өсіру үшін 3-4 адамнан звеноларға бөлінді. Оқушылар жаз бойы мектеп іргесіндегі участокте тәжрибе жұмыстарын жүргізетін болады.

Кәзір оқушылар өздеріне бекітіліп берілген участокте өсімдіктерді қолдан суарып, күту жұмыстарымен шұғылдануда, Ә.ресе, Р. Шанкэ басқаратын ағаш өсірушілер звеносы мен овощ өсірушісі Тыныкбаева, Қоспанов сыяқты оқушылар өз участоктеріндегі өсімдіктерді баптап -күтуде аянбай еңбек етіп жүр.

К. ЖАҚИН,

Преснов ауданы, Киров жетіжылдық мектебінің биология пәнінің оқытушысы.

ТӘЖРИБЕ ЖҰМЫСТАРЫНДА ЖҮР

Полудень ауданындағы Тоқпын агрономиялық мектебінің оқушылары кәзір аудан колхоздары мен совхоздарында тәжрибе жұмыстарында жүр. Олар өздерінің теориялық білімдерін тәжрибе жұмыстарымен байланыстыруға дағдыланды.

Агрономиялық мектептің біртоп оқушылары ауданның Аманкелді атындағы ауылшаруашылық артелінде болып, картопты шаршы -ұядан отырғызу әдісін жүргізді. Олар 8 күн ішінде 20 гектар жерге картоп отырғызып, тәжрибе жұмыстарының жоспарын екі есе артығымен орындап шықты. Тәжрибе жұмыстарында Қазбеков, Куликов, Мацко, Қожабаев, Ковтюх сыяқты оқушылар өздерінің теориялық білімдерін практикамен ұштастыра алатындықтарын көрсетті.

А. ҚАРАЖАНОВ.

ҚАРТ КОЛХОЗШЫ

Октябрь ауданы, Ленин атындағы ауылшаруашылық артелінің қарт мүшесі Қабдолла Жүсіпов 17 жылдан бері колхозда жанар және жағар май тасушы болып істеп келеді. Қарт колхозшы өз жұмысына өте жауаптылықпен қарап, тракторларды жанар және жағар маймен қамтамасыз етуде ойдағыдай еңбек етіп жүр.

Колхоз басқармасы Қабдолла қарттың үлгілі еңбегін жоғары бағалап, оған бірнеше рет сыйлық берді.

А. ШАЙМЕРДЕНОВ.

МЕКТЕП СПОРТШЫЛАРЫНЫҢ ЖАРЫСЫ

Жуырда Преснов ауданы, Баян орта мектебінің X класс оқушыларының «Аттестат» футбол командасы ауданның басқа мектептерінің командаларымен кездесу үшін оқытушы С. Барқытов жолдастың басшылығымен жаттығу жұмыстарын жүргізуде.

Т. ЕСЕНБАЕВ.

Жасөспірім балалар арасындағы тәрбие жұмыстары жақсартылсын

Совет жастары —дүние жүзіндегі ең озат және ең мәдениетті жастар. Біздің елімізде жасөспірім балалар арасында кездесетін тәртіп бұзушылық сияқты фактілер күн санап азайып келеді. Алайда, мұндай фактілер мүлдем жойылды деп айта алмаймыз.

Мұның басты себебі —мектептерде жас өспірім балалар арасындағы тәлім тәрбие жұмыстары әлі де болса әсерсіз жүргізіледі. Мектептердің барлығы бірдей ата- аналармен тығыз байланыс жасап отырмайды. Кейбір ата- аналар балаларына тәрбие беру мәселесіне немкетті қарайды, олардың оқуын, тәртібін бақылап отырмайды. Тіпті, кешкілікте баласының қайда болатынын, олардың кинотеатр мен клубтардың есігінің алдынан шықпайтынын, шылым тартып, өткен- кеткен адамдарға түрлі дөрекі сөздер айтып тәртіпсіздік істеп жүретінін білмейтін ата- аналар да жоқ емес.

Кейбір ата- аналар, мұғалімдер, комсомол және кәсіподақ қызметкерлері—біздер бұзақылық істеп тұрған баланы көргенде оның жанынан үндемей, бейғам өтіп жүре береміз. Ал, шынында бұл дұрыс емес. Мұндай реттерде үндемей өте шықпай, баланың әлеуметтік тәртіпке жат іс істеуіне жол бермеу керек. Соңғы кезде біздің қаламызда бұл сияқты жасөспірім балалар арасында бұзақылық істеу фактілері кездесетін болып жүр.

Мәселен, Киров атындағы орта мектептің 9 класс оқушысы, 16 жасар комсомол мүшесі Карпов Юрий деген бала мәрт айы ішінде басқа балалармен бірге 6 рет ұрлық істеген. Бұл істі зерттей келе Карпов 9-класта оқып жүріп, мектептен біржолата кетіп қалғандығы анықталды. Бірақ, мектепте оның оқуды не үшін тастап кеткендігін білуді ешкім ескермеген және оның мектепке қайтып оралуын қамтамасыз ету шарасы қарастырылмаған. Карповтың әке- шешесі жұмыс істейді, моральдік жағынан ұстамды адамдар. Бірақ, олар баласының орынсыз ісіне де мән бермей, айтқаның орындай беретін болған. Юрийдің оқығысы келмеген, ал, ата- анасы оның еркіне көнген. Ерлі -зайыпты Карповтар балаларының түнде үйге кеш, кеп реттерде мас болып келіп жүргендігіне, үйде мүлде қонбайтын болып алғанына тіпті көңіл аудармады, сөйтіп, Юрийдің жарамсыз әдетке түсіп кеткендігін де білмеді.

Міне, мұның барлығы 9 класс оқушысы Юрий Карповтың сотталушылар скамьясында болуына әкеліп соқты. Петропавл қаласындағы 5-участоктік халық соты бұзақылық істеушілер тобына қатысушылармен бірге оны да бас жауапкершілікке тартты.

Бұдан Юрий Карповты қылмыс жолына түсіп кетуден сақтандыруға болар ма еді деген сұрақ туады. Әрине, егер ата-анасы бала тәрбиелеу жөніндегі өз міндетін дұрыс атқарып, баласын бұзақылар тобына қатысудан сақтандырса, оның мектепке қайтып оралуына, ал, мектеп басшылары бұл жөнінде оларға тиісті әсерін тигізген болса, Юрийді бұзық жолға түсіп кетуден сақтандыруға әбден болар еді.

Тағы бір мысал: 1936 жылы туған Горлов Владимир, 1940 жылы туған Дергачев Виктор, 1938 жылы туған Чусовитин Николай, Отрадных Василий, Семидоцких Николай, Гурин Анатолий өзара келісе отырып, үнемі социалистік меншікті ұрлаумен шұғылданған. Олар орталық жылу электр станциясының жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің буфетінің 3 рет түн ішінде терезесін сындырып кіріп товар ұрлаған. Осы үш реттте олар 17 бутылка түрлі шараптар, 12 бутылка арақ, 50 пачкадан артық папирос, 100 сомдай ұсақ ақша алып, арақ пен шарапты ішкен.

Бұлардың ісін зерттеуде ешқандай қыйыншылық кездескен жоқ, айыптылар айыбын мойнына алды. Бірақ, біз, қарақшылар тобын ұйымдастыруға не әсер еткендігін анықтауға көп назар аудардық.

Ақырында жоғарыда аты аталған балалардың ата-аналары бұл жастағы балаларды тәрбиелеу міндеті негізінен мектепке жүктеледі деген теріс пікірде болып, бала тәрбиесімен өздері мүлдем шұғылданбағандығы анықталды. Ал, мектепте мұғалімдер біздің міндетіміз балаларды оқыту деп, тәрбие мәселесіне жете көңіл бөлмеген. Мектеп комсомол ұйымы мен ата- аналар комитеті жұмысты қанағаттанғысыз істеген.

Ата -аналар мен аталған ұйымдардың тарапынан бақылаудың жоқтығынан бұл балалар осындай мемлекет мүлкін ұрлау сияқты қылмыс істеп, сот тергеуіне түсті.

5-участоктік халық соты бұл қарақшылар тобының ұйымдастырушылары Горлов пен Чусовитинді бас еркінен айыруға, ал, басқаларына шартты түрде жаза қолдануға үкім етті.

Бұл сот процесінен ата-аналар мен мұғалімдер, әсресе, жоғарыда аталған балалардың ата-аналары қорытынды шығаруға тиіс.

Жасөспірім балалар арасында тәртіп бұзу, қылмыс істеу сияқты фактілерді біржолата жою үшін мұғалімдер және комсомол ұйымдары жасы толмаған балалар арасындағы тәлім- тәрбие жұмыстарын мейлінше жақсартуға тиіс. Ата-аналар балаларының тәртіпті болуы үшін толық жауап беретін болулары, ал, бала тәрбиесіне жауапсыз қарайтын ата- аналарды олар жұмыс істейтін коллектив жұртшылық болып қатаң сынап, балаларына дұрыс тәрбие беруді талап етіп отырулары керек. Өйткені, жастарға тәрбие беру —біздің мемлекет алдындағы міндеттеріміздің негізгі бір саласы.

Қалалық прокурор К. ПАК.

Жарияланбаған хаттың дерегі

„БЫЙЫЛ АЯҚТАЛЫП, ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ“

Герман Демократиялық Республикасы Халық палатасының мәжлісі

БЕРЛИН, 26 май. (СОТА). Бүгін Берлинде Герман Демократиялық Республикасы Халық палатасының мәжлісі болды. Халық палатасының председателі И. Дикман мәжлісті ашып, мынаны хабарлады: Демократиялық Германияның ұлттық майданы ұлттық Советінің президиумы Герман Демократиялық Республикасының Халық палатасына демократиялық Германияның Ұлттық майданының II-ші Ұлттық Конгресінің Үндеуін жолдаған, бұл үндеуде ГДР Халық палатасы мен Батыс Германияның бундестагіне: «Бітім договорын жасасуды және оккупациялық әскерлерді әкетуді жақтайсыз ба? немесе «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договор мен «жалпы договорды» және оккупациялық әскерлерді 50 жылға қалдыруды жақтайсыз ба?» деген мәселе жөнінде халықтың дауыс беруін өткізу туралы қарар қабылдау ұсынылған.

Демократиялық Германияның Ұлттық майданының II-ші Ұлттық Конгресінің бұл Үндеуін талқылау алдында Халық палатасының депутаттары Герман Демократиялық Республикасы үкметінің премьер -министрдің орынбасары Отто Нушке жасаған мәлімдемесін зор ықласпен тыңдады.

Отто Нушке Халық палатасына: «Бітім договорын жасасуды және оккупациялық әскерлерді әкетуді жақтайсыз ба?— немесе «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договор мен «жалпы договорды» және оккупациялық әскерлерді 50 жылға қалдыруды жақтайсыз ба?» деген мәселе жөнінде Герман Демократиялық Республикасында және Берлиннің Демократиялық секторында июньнің 27-нен 29-на дейін халықтың дауыс беруін өткізу туралы қарар қабылдауды ұсынды.

Жарыссезде шығып сөйлеген депутаттар үкметтің талқыланып отырған мәселе жөніндегі мәлімдемесін мақұлдап, халықтың дауыс беруін өткізу туралы қарар қабылдады. Қарарда былай делінген: «Барлық немістердің өзара түсінісуі және бірлескен қыйылдар жасауы үкмет қызмет ететін ұлттық қозғалыстың қандайын болса да қолдайтын өзінің бұлжымас саясатынан айнымайтын Герман Демократиялық Республикасының Халық палатасы Ұлттық Совет президиумының өтінішімен келіседі. Ол үкметтің мәлімдемесін құттықтайды және одан 1954 жылғы 27, 28, 29 июньде Герман Демократиялық Республикасының территориясында осы халықтың дауыс беруін өткізуге барлық жағдай тудыруды тапсырады.

Халық палатасы Отанымыздың батысында да халықтың дауыс беруін өткізу туралы ең қалың халық бұқарасының барған сайын күшейе түскен талабын бұндестаг еске алады деп сенеді. Батыс Германиядағы өздерінің ага- інілерімен және ана -қарындастарымен тығыз байланысты Герман Демократиялық Республикасының азаматтары халықтың дауыс беруін өздерінің Германияға деген сүйіспеншілігін және бейбітшілікті сақтауға ұмтылған талабын бүкіл дүние жүзінің алдында айқын көрсету үшін пайдаланады».

АКШ-НИКАРАГУА МЕН ГОНДУРАСТЫ

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің төтенше сессиясы

БЕРЛИН, 26 май. (СОТА). Кеше кешкі мәжлісте химия өнеркәсібінің қызметкерлері кәсіподақтарының халықаралық бірлестігінің бас секретары Ференц Божоки және Томас Кристенссен (Дания) сөз сөйлегеннен кейін председательдік етуші Леопольд Инфельд профессор Лотар Радачануға (Румыния) сөз берді.

Румын халқы, деді Радачану, европалық хауіпсіздікті қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөледі, өйткені, оның өз хауіпсіздігі тікелей осыған байланысты.

Профессор Радачану өзінің жақсы дәлелдер келтірілген сөзінде «европалық қорғаныс бірлестігін» құру жоспарларының Европаны бөлшектеуге бағытталып және соғысты әзірлеуге қызмет етіп отырғанда, Шығыс және Батыс Европа елдері арасында ынтымақ болуы тек мүмкін ғана емес, сонымен бірге европалық халықтар үшін қажет екенін көрсетті.

Мінбеде—Аргентина дәрігері А. Камаротта.

Біз, дәрігерлер, деді ол, бактериялармен күрес мәселесіне әрқашан көңіл бөліп келдік, ғылми жаңалықтар, міне, осыдан туды, бұл жаңалықтар кәзірдің өзінде биологиялық ғылым дамқын ақтап отыр. Алайда, кейбір елдерге бұл ғылымның жетістіктері соңғы жылдарда адамның игілігі үшін емес, ал, агрессиялық соғыс мақсаттарына пайдаланылып отыр. Микробтар—адамның ежелгі осы жаулары—оларға қарсы күрес жүргізуге үйрену үшін емес, ал, адамдарды қыру үшін қандай микробтың ең хауінті, ең күшті екенін және оны неғұрлым пайдалы түрде қалай қолдану керек екенін білу үшін әдейі жыйналып, өсірілуде.

Бұдан кейін совет жазушысы Николай Тихоновқа сөз берілді.

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі сессиясының осы жоғары трибунасынан, деді Н. Тихонов, совет делегациясы бейбітшіл бүкіл совет халқының еркін білдіріп атом, сутегі қаруына және жаппай қырып-жоятын қарулардың басқа түрлеріне толық тыйым салу және бұл тыйым салудың жүзеге асырылуына қатаң бақылау орнату туралы өзінің талабын тағы да қойып, оны қуаттайды.

Бұдан соң сенатор Эмилио Серени (Италия) сөйледі.

Ол Италияда өріс алып отырған бейбітшілікті және даулы мәселелерді келіссөздер жүргізу жолымен шешуді жақтайтын қозғалысқа толығынан тоқтады. Шешен бұл қозғалысқа жаңадан қосылған адамдардың барған сайын көбеюде екенін атап көрсетті.

Сөзінің қорытындысында Серени бейбітшілік күштерінің соңғы жылдарда барлық жерлерде өлшеусіз өскенін айтты. Кәзір барлық мүмкіндігі бар байланыстарды жасау, бейбітшілік үшін атом соғысының хауіпне қарсы, халықаралық проблемаларды бейбіт жолмен шешу үшін, цивилизацияны сақтау үшін күресуші барлық күштерді біртұтас етіп біріктіру туралы әңгіме болып отыр.

Мәжлістің соңында француз жазушысы Жан-Поль Сартр сөз сөйледі.

БЕРЛИН, 26 май. **(СОТА-ның арнаулы тілшісі).** Бүгін таңертеңгі мәжлістің алғашқы бөлегі Д. Н. Приттің сөйлеген сөзінен басталды. Мәжлісте мыналар сөз сөйледі: священник Л. Дж. Блисс (Англия), Кубаның бейбітшілік комитеті дирекциясының бас секретары Ласаро Пенья Гонсалес, журналист Миклбэрг (Канада).

Бұдан кейін Д. Астье де Ла Вижериге (Франция) сөз берілді. Күн тәртібінің «Ұлттардың хауіпсіздігі» деген екінші пунктін талқылау соның сөзімен басталды.

Д. Астье де Ла Вижери сөзінің бас кезінде барлық сенімдегі, барлық елдердің, барлық өкілдердің бейбітшіл адамдарына бірігуге мүмкіндік берген бейбітшіліктің жақтаушылар қозғалысының маңызын атап айтты. Бұл қозғалыс, деді шешен, бейбітшіл адамға халықаралық жағдайды айыра білу, бейбітшіліктің жолын белгілеу және осы жолда тұрған кедергілерді көре білу, ақырында, барлық бейбітшіл адамдар үшін қабылдауға болатын жалпы бағытты белгілеу үшін өзінің туыстарымен кеңесудің құралын береді.

Д. Астье де Ла Вижери хауіпсіздік туралы екі ұйымның бар екенін айтты. Бұл ұйымдардың бірі қарулануға және соғыс блоктерін құруға негізделген, ол дүние жүзінің бір-біріне жау латерьлерге бөлінуіне, жанталаса қарулануға және территориялар үшін күресуге әкеліп соғады. Хауіпсіздіктің бұл концепциясы соғысқа қиліктіреді. Екінші жол —құрылыстары әртүрлі елдердің бейбітшілікпен қатар өмір сүруіне негізделген коллективтік хауіпсіздіктің ұйымы.

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің негізгі міндеттерінің бірі, деді ол, халықтарды Сыртқы істер министрлерінің Берлин кеңесінің онан әрі жүргізілуі және мүдделі үкметтердің тоқтатылған келіссөздерді қайта бастауы туралы талапты қуаттауға шақыру болып табылады.

Бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысының Женева кеңесіне қалай қарайтынын сыпаттай келіп, Д.Астье де Ла Вижери жұртшылық пікірі бұл кеңесті сәтсіз дікке ұшыратуға тырысуды қатты айыптауға тиіс деді. Жұртшылық француз және американ үкметтері арасында Женева кеңесінен тыс жүргізіле бастаған және Индо-Қытайда американ соғыс интервенциясын жасау мақсатын көздейтін келіссөздерді айыптауға тиіс. Мұндай интервенция жаңжалды кеңейтудің қатерімен байланысты болар еді.

Бұдан әрі баяндамашы коллективтік хауіпсіздікті қамтамасыз ету жанталаса қаруланудың тоқтатылуын, оның орнына барлық ұлттардың арасындағы ынтымақ пен бейбіт жолмен қатар өмір сүрудің орнатылуын көздейтінін атап көрсетті.

Сөзінің қорытындысында Д. Астье де Ла Вижери Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің беделі орасан зор өскенін айтты.

* * *

Бұдан кейін Иосиф Громадка (Чехословакия), Индия жазушысы Пандит Сундерлал, бейбітшілікті жақтаушылардың Бүкілполяктік комитетінің председателі жазушы Ярослав Ивашкевич сөз сөйледі.

Мәжлістің соңында Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің вице-председателі Го Мо Жо сөз сөйледі.

1 июнь—балаларды қорғаудың Халықаралық күні

УЛАН- БАТОР, 27 май. (СОТА). Монголияда Халықтық өкмет тұсында балалардың оқуына зор мүмкіндіктер жасалды. Мұнда халықтық революцияға дейін нағбары бір тана мектеп болып, онда 40 бала оқыған, ал, кәзіргі уақытта елде 430-дан аса бастауыш және орта мектептер жұмыс істеп, буларда 72 мыңнан аса бала оқуда. 1940 жылмен салыстырғанда мектеп саны 129,3 процент көбейді. 1953 және 1954 оқу жылында елде жаңадан 12 бастауыш және орта мектеп ашылды.

Соңғы бес жылдың ішінде елде 1.389.500 дана 56 түрлі оқулық басылып, көптеген балалар кітапханалары ашылды. Балалар үшін арнаулы театрлар құрылды.

ПРАГА, 27 май. (СОТА). Бірінші бесжылдық тұсында Чехословакияда балаларға арналған емдеу мекемелерінің саны 40 процент көбейді. Кәзір елде 4 мың балалар поликлиникалары, ауруханалары, балалар консультациялары және әйелдер босанатын үйлер бар. Балалар ауруханаларындағы төсектің саны бесжылдықтың ішінде 4.416-дан 10.272-ге жетті.

Соңғы жылдардың ішінде Карловы Варыда, Янск, Лазныда, Үлкен Лосиныда, Подебрадыда және басқа жерлерде балалар санаторийлері ашылды. Кәзір әрбір мектептің өз дәрігері бар, ол оқушылардың дене тәрбиесін қадағалап, ата- аналарға консультация беріп тұрады.

Халықтық өкмет жылдарында балалардың өлімі бірнеше есе азайды.

ВАРШАВА, 27 май. (СОТА). Буржуазиялық Польшада 456 орны бар бірнеше балалар яслилері ғана болған еді. Кәзіргі уақытта елдің өнеркәсіп орындары мен мекемелері жанында балалар яслилері ашылып, олардағы орынның саны 40.300-ден асып отыр. Польшада соғыска дейін 1.659 балалар бақшасы болған еді, кәзір 2.700-ге жетті.

Халықтық өкмет балаларды мектептен тыс жерде тәрбиелеу ісіне де зор көңіл бөлуде. Елде 80-ге жуық пионер үйлері, 12 мәдениет үйлері және Сталинода клуб пен Щецинде тамаша екі мәдениет сарайы ашылды. Ондаған мың балалар оқудан бос уақытында көптеген ғылми-техникалық лабораторияларына, спорт залдарына лық толып, көркемөнерпаздар, әдебиет, хор, би коллективтерінде және басқа коллективтерде түрлі өнермен шұғылданады.

Халықтық мемлекет балалардың денсаулығына қамқорлық жасай отырып, пионер лагерьлерін өркендету ісіне көп қаржы бөлуде. Мектеп оқушылары жыл сайын жазғы айларда елдің өте көркем жерлеріне барып тұрады. Өткен жылы пионер лагерьлерінде 700 мыңға жуық балалар тынықты. Мұның үстіне елде бірқатар балалар санаторийлері ашылды.

АМЕРИКАНДАРДЫҢ КОРЕЯДАҒЫ УАҚЫТША БІТІМ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМДІ БҰЗУЫ

ПЕКИН, 27 май. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кәсоннан былай деп хабарлады:

Совет аудандағы «Жаңалған» колхозында бұдан 4-5 жыл бұрын колхоз клубының ірісі қаланып, құрылыс жұмыстары аяқталмай қалды. Содан бері клубқа арналған бұл үй колхоз қоймасы орнына пайдаланылып келді. Колхоз басшылары клуб үйінің құрылысын аяқтап, оны пайдалануға беру жөнінде колхозшылар тарапынан қойылған талаптарға құлақ аспай, жыл сайын «клуб үйінің құрылысы биыл аяқталады» деп сендіріп келді. Ал, оқу үйінің екі бөлмесіне колхоз басқармасы орналасқан. Оқу үйі өте тар бөлмеде жұмыс істеуге мәжбүр болып келген. Сондықтан колхозшылар мұнда бар кітаптардың өзін дұрыс пайдаланып, жұмыстан бос уақытта радио тыңдап, мәдениетті де ала алмайды.

Редакцияға түскен «Биыл аяқталып, іске қосылады» деген тілші хатында, міне, осы жөнінде айтылған болатын.

Совет аудандық Совет аткомі редакцияға ,тілші хаты бойынша тексеріс жүргізгенде онда көрсетілген кемшіліктер толық анықталды, аудандық Совет аткомінің жұрда болып өткен мәжілісінде колхоздың 1954 жылға арналған өндірістік жоспары бекітілді, онда клуб құрылысын аяқтау үшін колхоздың кіріс-шығыс сметасынан 4 мың сом қаржы бөлу қарастырылды, деп хабарлады.

Колхоз басқармасы таяудағы күндер ішінде клубты жөндеу жұмыстарын қолға алуды қарастырған.

ҚАРУЛАНДЫРУДА

НЬЮ -ЙОРК, 25 май. (СОТА). Ассошиэйтед Пресс агенттігінің Вашингтондағы тілшісінің хабарына қарағанда, мемлекеттік департамент АҚШ самолет арқылы Никарагуа мен Гондурастқа соғыс құрал-жабдықтарын жеткізуде деп жарияланған.

Мемлекеттік департаменттің өкілі Уайт баспасөз өкілдеріне былай деп мәлімдеген: бұл қару- жарақ жеткізу бұл елдер арасында жұрда қол қойылған «өзара қорғаныс мақсатындағы көмек» келісіміне сәйкес жүзеге асырылуда. Уайт Никарагуа мен Гондурасқа қару- жарақ жеткізу әлі жүргізіле береді және оны жылдамдатуға арнаулы шаралар қолданылмақ деп атап көрсеткен.

Француз Солтүстік Африкасындағы жағдайдың шиеленісуі

ПАРИЖ, 26 май. (СОТА). Газеттердің хабар етуіне қарағанда, Француз Солтүстік Африкасындағы жағдай шұғыл шиеленісуде. Соңғы күндері Француз әскерлері жазалау жұмыстарын жүргізіп жүрген Джебель Ишкей (Тунис) ауданы нағыз соғыс қыймылдарының орталығына айналған. «Юманите» газеті былай деп жазады: жазалау отрядтары және полиция мен жергілікті халықтар арасындағы соқтығыстардың нәтижесінде 13 тунис азаматы және екі француз солдаты өлген.

Сфакс қаласында «Мао-Дестур» ұлттық партиясының екі мүшесінің өлтірілуіне қарсылық білдіру ретінде жаппай ереуіл болып жатыр. Габес қаласының аудандарында «тазалау жөнінде» полициялық операция жүргізілуде.

«Фран -тирер» газеті былай деп хабарлайды: «қоштасу сапарына» келген Францияның Мароккадағы бұрынғы бас резиденті генерал Гийом келген Маркеш қаласында кеше болған снаряд жарылуының салдарынан 30-дан астам француз және марокко солдаттары мен 10 азамат жараланған. Бір марокко солдатты өлген.

Ислам дінінің реакциялық мәні

Еліміздің халықтарының Коммунистік партия шыңдаған туысқандық достығы мен ынтымағы арқасында қазақ халқы тұңғыш рет өзінің мемлекеттігіне ие болды. Бұрын патриархалды жартылай тағылық орнын тепкен қазақ елі совет өкметі тұсында ірі өнеркәсібі, алдыңғы қатарлы ауыл шаруашылығы және түрі ұлттық, мазмұны социалистік гүлденген мәдениеті бар елге айналды.

Совет Одағының халықтары, оның ішінде қазақ халқы өздерінің қолы жеткен табыстары үшін алдыңғы қатарлы революциялық теориямен, марксизм-ленинизм ілімімен қаруланған Коммунистік партияның данышпандық басшылығына борышты. Коммунистік партияның саясаты советтік құрылыстың өмірлік негізі болып табылады және ол қоғам дамуының қажетті тілектерінен туып отырады.

Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезі елімізде коммунизм құрылысының ұлы программасын белгілеп берді. Социализмнен коммунизмге біртебірте өтудің ең басты алғы шарттардың бірі—өндіргіш күштерді онан әрі мейлінше өркендете беру болып табылады.

Сонымен бірге социализмнен біртебірте коммунизмге өту дәуірінде идеологиялық жұмысты онан әрі күшейту бірінші дәрежелі міндет болып табылады. Партияның идеологиялық жұмысы адам санасын капитализм сарқыншақтарынан, ескі қоғамның әдет -ғұрыптары мен зиянды дәстүрлерінен тазартуда басты роль атқарады.

Ескі әдет-ғұрыптар, діни ағымдар капиталистік қоғамның халыққа қарсы ежелден жұмсап келе жатқан құралдары болып саналады. Бүкіл адам баласына қарсы атом, сутегі қаруын қайран отырған американ реакциясының шырмауындағы империалистік елдер дінді еңбекші халықтың бостандық жолындағы күресіне қарсы пайдалануда. Сонымен бірге, олар дін атаулының, соның ішінде ислам дінінің идеологтарын жалдап алып, бейбітшілік үшін тыянақты, табанды күрес жүргізуші Совет Одағына және халықтық демократия елдеріне қарсы жұмсап отыр. Италияда Ватикан деп аталатын дін ордасы бейбітшілік, бостандық сүйгіш халықтардың қанын төгу үшін жаңа соғыс өртін дайындап жатқан империализм лагерінің қол шоқпары болып адам баласының өміріне қарсы у тарататын құрал болып отыр. Кәзіргі уақытта мұсылман дінінің Түркия, Иран, Иракта ғы т. б. елдердегі «қайраткерлері» американ империалистерінің жыртқыштық соғысқұмарлық жоспарларына сәйкес өз елдерін Совет Одағына және халықтық демократия елдеріне қарсы соғыс базасына айналдыруға барынша көмектесуде.

Шығыстағы мұсылман елдерінің билеуші топтары ағылшын-американ шапқыншыларының дем беруімен өз елдерінің еңбекшілеріне, бостандық сүйгіш басқа да халықтардың мүдделеріне қарсы жоспарды уағыздауда.

Азия халықтарының, оның ішінде қазақ халқының прогрессивтік жолмен дамуына бөгет болып, басын шырмап келген зиянды ғұрыптарды еңгізген ислам діні. Ислам діні реакциянын басқа да діни ағымдары сияқты халық мүддесіне қарсы. Ол қанаушы таптардың мүддесін қорғайды, бұқараны бағынышты ылыққа, бас июшілікке баулып, оның революциялық жіберін әлсіретеді.

Исламдіні біздің дәуіріміздің алтыншы ғасырының аяғында, жетінші ғасырдың басында Аравияда шыққан. Ислам дінінің шариғат тәртіптері—басынан аяғына дейін феодал байлардың, молдалардың мүддесін қорғаған тәртіптер. Басқа да діндер сияқты бұл дін де өзінің шыққан күнінен бастап, үстем таптарға қызмет етіп келеді. Мәселен, 1914—1918 жылдардағы бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде мұсылман діні соғыс өртін тұтандырушы империализмді жақтады. Екінші дүниежүзілік соғыста діни Түркия басшылары неміс фашистерінің Совет Одағына жасаған шапқыншылығын қолдауда болды. Империализм бұқараны талаушылық және тұншықтыру мақсатына ислам дінін көзірде де пайдалануда. Олар дін арқылы отарлы және тәуелді елдердегі қаналушы ұлттарды бір-біріне өштестіріп, бұлардың арасына іріткі салумен келеді.

Қазақ халқының атақты ғалымы Шоқан Уалиханов мұсылман дініне тиісті тойтарыс берілмесе, ол жайылып кететін хауіп екендігін ескертіп, былай деген:

«Мұсылман діні әзірге біздің қан-тәнімізге сіңіп кете қойған жоқ. Бірақ, ол болашақта халқымызды аздырып, тоздырып жібереме деген хауіп тұғызып отыр». Қазақ халқын аздырып-тоздырып, басын айналдыру жөнінде ескі әдет ғұрыптардың жалпы ислам дінінің зияны аз болған жоқ. Тек Коммунистік партияның басшылығымен жасалған Ұлы Октябрь революциясының жеңуінің нәтижесінде, ұлы орыс халқының туысқандық көмегінің нәтижесінде қазақ халқы дін ұянан көп жылдар бойы азып-тозудан, таптық және ұлттық қанаудан азат болды.

Совет мемлекеті орнаған күннен бастап ислам дінінің мекемелері және олардың халықты алдаумен байыған «қайраткерлері» еліміздегі социалистік құрылысқа түрлі амалмен қарсы шығып, қастық жасады. Совет халықтарының бақытты өмірге келуі, бостандық алып, теңдік құруы ислам дінінің шариғатына «сыйыспады». Өйткені, Коммунистік партияның басшылығымен елімізде адамзат тарихында тұңғыш рет қанаушы таптар жойылып, бақытты жаңа өмірдің есігі ашылды, империализмге жан-тәнімен қызметатқарған дін атаулының, оның ішінде ислам дінінің реакциялық мәні әшкереленіп, жауыздық жолы бөгелді. Сөйтіп, елімізде дін халықтың бұрынғы сенімінен айырылды. Бір сөзбен айтқанда, ССРО-да дін атаулының, соның ішінде ислам дінінің әлеуметтік тірегі жойылды.

Алайда, мұсылман діні әлі де болса елімізде өзінің әрекеттерін сұм-айла жолымен, кейбір адамдардың санасындағы жойылып болмаған капитализмнің шірік қалдықтарын пайдалану әдісімен жүргізуге тырысады. Осы мақсаттар үшін әлі күнге дейін дінге сеніп келе жатқан адамдарды өзіне қарай ынғайлауға тырысады. Ескілікті қалдықтардың бірі—ораза. Оразаның өрескел шарттары адамға ауыр, қорлық және зиян. Мәселен, ораза ұстаушы адам түн ортасында сергелдең болып «сәресі»—тамақ ішеді. Осыдан күн батқан соң ғана дәм татады. Бұл азап адамды 30 күн бойы бүліндіреді, ораза молданың «бітір» жыйнауымен, ораза айт жасап орынсыз шығындану сияқты өрес келдікпен байланысты.

Ислам дінінің уағызы бойынша рамазан айында «алла» Жәбірейіл арқылы Мухаметке құранды жібергінті-міс. Алынында тарих ғылымы ораза ұстау араптарда ислам дінінен бұрын болғанын анықтайды. Бірақ, ислам діні пайда болмай тұрғанда араптарда ораза бір мезгілде ғана—жаздың ортасында болатын. Мұны Рамазан деген сөз (айдың аты) ескі арап тілінде «Рамадхарр»—«нағыз ыстық» деген сөзден шыққаны да анықтайды. Жаздың өте ыстық кезеңі араптарды күндіз тамақты аз ішіп, жұмыстарының көбін түнге қалдыруға мәжбүр еткен.

Бір сөзбен айтқанда, ерте замандағы араптардың ораза ұстау ғұрпы өндіріскұралдардың төмен дәрежесінен, олардың табиғатпен күресуде дәрменсіздігінен туады.

Тек VI-VII ғасырларда таптық қоғамның діні—ислам пайда болғаннан соң ғана рамазан айындағы ораза Мухаметтің атын мадақтап, арап халықтарының қанаушылық өкметін нығайту үшін пайдаланылды.

Ескіліктің қалдығы ретінде азда болса орын алып келе жатқан ораза адамды тамақтан қалдырып, денсаулығын бүлдіреді. Ал, ислам дінін сенуші адам ға ораза уақытында дәрі-дермек қабылдауға, тіпті жарасына дәрі жағуға, гүлдің исін алуға да шаригат рұқсат етпейді. Сөз жоқ, ораза ұстаушы адам еңбек істеуден қалады, жұмысында берске де болмайды. Міне, осы үшін де совет халқының жаулары, кертартпа мұсылман дінінің қызметшілері сырт пішінін өзгертіп, сөзін астарлап, санасы әлі де төмен кейбір адамдарды ораза ұстауға шақырып, оларды социалистік еңбекке барлық ынтасымен кірісуден аулақтатқысы келеді.

Сөйтіп, ораза еңбекші адамның еңбекке деген қабілетін қажытады, еңбек өнімін кемітеді. Совет адамдары мұндай жат ескі әдет- ғұрыптарға жол бермеуге мүмкіндік алды, коммунизмнің белсенді құрылысшысы болып, азаматтық атаққа жарасымды социалистік қасиетке бөленді. Дүние жүзіндегі прогрессшіл адамзат ең жақсы, ең мәдениетті ұлгілерді совет қоғамынан, оның бақытты және ауқатты, еңбек сүйгіш халқынан көріп отыр. Капиталистік елдерде қанаушы таптар жалдамалы құрал етіп, еңбекші халыққа қарсы құрал ретінде жұмсап отырған мұсылман дінінің ораза сияқты реакциялық әдет-ғұрыптарынан еліміздің әр азаматы аулақ болуы, сонымен бірге, қандай да болмасын дін әдет-ғұрыптарына қарсы күрес жүргізуі қажет.

Адам баласының сана-сезіміндегі ескінің қалдықтарымен күрес жұмысына коммунистік партиямыз әрқашан жол сілтеп, үнемі басшылық жасауда. Капитализмнің қалдықтары—ескі әдет-ғұрыптармен күрес, әсресе, кәзір, еліміз біртебірте коммунизмге көше бастаған дәуірде, партиямыздың жауынгерлік ұраны—таяудағы екі-үш жылдың ішінде азықтүлік молшылығын жасау үшін облысымыздың еңбекшілері тың және тыңайған жерлерді игеруге кіріскен кезде бұл күрес еселенген қарқынмен жүргізілуге тиіс.

Қ. ҚАЛИЕВ.

Саяси және ғылми білімдер тарату қоғамының мүшесі.

өнімдері» дегенді бетке ұстап, Пусанға 106 миномет әкелген. Бұл туралы уақытша бітім жөніндегі бейтараптар комиссиясының 48-ші мәжілісінде комиссиядағы поляк өкілі хабарлады. Ол өзінің мәлімдемесінде уақытша бітімді бақылау жөніндегі бейтараптар комиссиясының Пусандағы инспекциялық тобының 1953 жылғы 11 сентябрьде тапсырған арнаулы баяндамасын дәлелге келтірген. Баяндамада былай делінген:

1953 жылғы 4 сентябрьде Пусандағы № 2 пристаньда жәшіктер табылды. Лейтенант Пиллиден (американдық) бұл жәшіктерде не бар деп сұрағанда, ол / бұл жәшіктерде тамақ өнімдері, атап айтқанда, консервілер және сондайлар бар деп жауап берді. Документтерді зерттеп шыққаннан кейін 1953 жылғы 31 июльде Пусанға келген кеменің мұнда оралған күйінде 106 миномет стволын, 106 миномет плитасын және 106 нысана тетіктерін алып келгені анықталды. Инспекциялық топтың талап етуімен жәшіктердің бірі ашылды. Мұның ішінен 106,8 миллиметрлі, 7.144.252 номерлі миномет стволы табылды. Басқа жәшіктерден миномет плиталары мен нысана тетіктері табылды. Бұл бөлшектерден 106 миномет құрастыруға болады. Бұл жағдай ақиқат болғандықтан, американ өкілі ендігі жерде ораулы жәшіктерге консервіленген тамақ өнімдері бар деп айтуын қойды. Бірақ, ол миномет стволдары плиталары және нысана тетіктері құрастырылмаған түрінде қару болып табылмайды деп мәлімдеді.

ЧЖОУ ЭНЬ- ЛАЙДЫҢ ИНДИЯНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАУЫ

ПЕКИН, 20 май. (СОТА). Синьхуа агенттігі тілшісінің Женевадан берген хабарына қарағанда, кеше Қытай Халық Республикасының Сыртқы істер министрі Чжоу- Энь- лай Женевада жүрген Индияның денсаулық сақтау министрі Амрит Каур ханымды қабылдаған.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Кинолларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«МОЙЫНҒА АСЫЛҒАН АННА»
Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«БҰРГЕНДІ ТОҒАЙ»
Сағат 8-30, 10-30-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР. редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп -транспорт бөлімдері —2-36, тілшілер бөлімі —3-39, корректорлар бюросы— 4-39. Газет баспасы—5-52, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 01248. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.